

Бас редакторы:
Жасұлан Даурен
Жәрдемұлы

Редакция
алқалары:
Сағидолла Айдос
Бауыржанұлы
Жасұлан Толқын
Шайдоллақызы

**Редакция мекен-
жайы:**

Алматы қаласы,
Ақсай көшесі 25

**Редакция
телефоны:**
+7 700 051 01 01

Қазақстан
Республикасы
Ақпарат және
Қоғамдық даму
министрлігі
№KZ21PVY00085

690
Куәлігі

Айына 1 рет
қазақ, орыс,
ағылшын тілінде
шығады.

Теруге 14.01.2025ж
берілді
Басуға 17.01.2025ж
Берілді

Таралымы 1000
дана

Журнал
«Ұстаз Онлайн»
Ғылыми-
әдістемелік
орталығында
басылды

<i>Кенжеалина Аяна Бакытовна.....</i>	<i>2</i>
<i>Әметжан Айжан Беркінбекқызы.....</i>	<i>4</i>
<i>Таянышбаева Асия Максатқызы.....</i>	<i>8</i>
<i>Туремуратова Еркинай Хайнадиновна.....</i>	<i>10</i>
<i>Сансызбаева Әсел Бауыржанқызы.....</i>	<i>13</i>
<i>Әбіләмитов Арнат Оразбайұлы.....</i>	<i>15</i>
<i>Бейбитова Багдаткан Канылбаиыровна.....</i>	<i>17</i>
<i>Палмахова Сандугаи Ералиевна.....</i>	<i>19</i>
<i>Степанова Анна Витальевна.....</i>	<i>22</i>
<i>Кузенбаева Гулмира Турдибаевна.....</i>	<i>24</i>
<i>Рыскалиева Марал Забиховна.....</i>	<i>27</i>
<i>Клычева Служ Жарылгасыновна.....</i>	<i>30</i>
<i>Шарипова Алма Еликовна.....</i>	<i>32</i>
<i>Искакова Жулдыз Алпысбаевна.....</i>	<i>36</i>
<i>Кайргалиева Айғаным Калыбековна.....</i>	<i>38</i>

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАЛАРҒА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ



Кенжеалина Аяна Бакытовна
Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы
№36 «Балақай» бөбекжайы
Тәрбиеші

Еліміздің болашағы, ұлтымыздың ертеңі – бүгінгі жас ұрпақ. Өз елінің ұлттық рухын бойына сіңіріп өскен балаларымыз болашақта өз халқын биік белестерге жетелей біледі. Сондықтан да болашақта еліміздің, ұлтымыздың тізгінін ұстай білетін саналы жас ұрпақ тәрбиелеу басты міндеттеріміздің бірі.

Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүйуге тәрбиелеу – мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты парызы» - деп, атап көрсетті. Қазақстан мемлекетінің егемен ел болып қалыптасып, дербес мемлекет болуы және өркендеп гүлденуі ұлттық біртектілікті сақтаудан басталады. Жас ұрпақтың бойына ата-дәстүрімізді қалыптастыра отырып, еліміздейтін болашақ азаматты тәрбиелеуде балабақшаның орны ерекше.

Мектепке дейінгі кезең — бала дамуының алғашқы баспалдағы. Бұл кезеңде баланың ой-өрісі, тәрбиесі қалыптасады. Балабақшадағы тәрбие- бала табиғатына ерекше әсер етеді. Балаларға берілетін ұлттық тәрбие-барлық тәрбиенің бастауы. Бала бойындағы жақсы қасиеттерді, барлық мүмкіндіктерін ашып, олардың өнегелі, мәдениетті, сыпайы, тәрбиелі болып өсуіне балабақшаның маңызы өте зор. Оларды жүзеге асыру балабақшадағы тәрбиеші- педагогтардың басты міндеттерінің бірі. Халықтық тәлім-тәрбие – бұл ұлттық мәдениеттің бір бөлігі. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан халқымыздың игі салт-дәстүрлері, халық ауыз әдебиеті, жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін қалыптастырады. Адамды адам еткен тәрбие болса, сол еңбекті ұрпағымызға үйретіп, адамгершілікке, Отансүйгіштікке, адалдыққа баулыған халқымыздың танымдық, тәрбиелік салт-дәстүрлері.

Балабақшамызда барлық тәрбиелеу мен оқыту үрдістері мемлекеттік стандарт талаптарына сай жүргізіледі. Балабақшамызда бала бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға көп көңіл бөлінеді. Қазақ этнопедагогикасының қазақ балалар фольклоры: салт-дәстүрлер, ұлттық өнер, халық ауыз әдебиеті, ұлттық ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметінде жиі қолданылып отырады. Балабақшадағы баланың негізгі іс әрекеті ойын болып табылады. Халқымыздың ұлттық ойындары балалар үшін үлкен тәрбие, өнеге. Балалармен жас ерекшеліктеріне сай ұлттық ойын түрлері: «Көкпар», «Орамал алу», «Тақия тастамақ», «Алтын қақпа», «Ақ серек-Көк серек», «Айгөлек», «Ақ сандық — Көк сандық», «Ақ сүйек» ойындары ойнатылады. Бұл ойындарды ойнату арқылы баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, икемділікке, батылдыққа үйрету іске асырылады. Қазақтың ұлттық ойындары ата – бабамыздан бізге жеткен, өткені мен бүгінгісін байланыстырған баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз.

Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятады. Ең бастысы ата-бабадан қалған өнер мен өнеге үлгілерінің лайықтыларын баланың сана сезіміне құйып, ойын арқылы бойына сіңіріп, оларды әдептілікке, мейірімділікке, ізеттілікке, туысқандық пен бауырмалдыққа, үлкенге — құрмет, кішіге – қамқорлыққа баулып, адамдық қасиеттерді ұғындыру, қалыптастыру болып табылады. Адам баласы дүниеге келгеннен бастап, үнемі салт-дәстүр аясында өседі. Сол себептен балабақшамызда ұйымдастырылған тәрбие жұмыстары осы негізге бағытталады. Балабақша ішіндегі жоспарланған іс-шараларға үнемі ұлттық тәрбие элементтері қосылып, ұлттық салт дәстүр насихатталады.

Ұлттық тәрбиенің өзі күнделікті барлық оқу қызметінде баланың бойына сіңе бастайды. Ол үшін біз балаларға салт-дәстүрлерді жай ғана үйретіп қана қоймай, олардың тәрбиелік түп-тамырын, мәнін, алтын дінгегін түсіндіре білуіміз керек. Сондай-ақ жыл сайын дәстүрлі түрде наурыз айында өткізілетін «Наурыз келді еліме!» атты апталық барысында ересек, ортаңғы топтар арасында «Салт-дәстүрім — алтын қазынам» атты мерекелік іс-шаралар өткізіліп, ұлттық дәстүрлер мұрасын қадір тұту мақсатында «Бесікке салу», «Тұсау

кесер» , «Атқа мінгізу» сияқты салт-дәстүрлерді балалар өздері сахналап, оның мәні мен мағынасын түсінуге тырысады. Халықтық педагогиканың бір саласы баланы шешендікке, ісмерлікке, адамгершілікке тәрбиелеу болып табылады, осы орайда балабақша топтарында «Ұлттық бұрыштар» жасақталып, онда ұлттық бұйымдармен (сандық,сырмақ, киіз үй, қамшы,асық) ұлттық киімдер жинақталады.

Балабақшамызда балаларды ұлттық өнерге баулуда «Оюлар сыр шертеді». «Ұлттық киімдер» тақырыбында оқу қызметі, үйірме жұмыстары жүргізіліп отырады. Балалар ұлттық киімдермен танысып, олардағы ою-өрнек: «Қошқармүйіз», «Кұсқанаты», «Түйетабан», «Су өрнегі» түрлерін ажырата біледі. Балаларға ою- өрнек түрлерін өздерінің жас ерекшелігіне сай қалай қиюды, суретін салуды, бояуды үйретеміз. Бұл біріншіден баланың қол маторикасын дамытса, екіншіден ою-өрнектің де балалардың ой-өрісі мен білімдерін жан-жақты дамытуға әсері мол. Балаларға ұлттық тәрбие бере отырып Отанға, еліміздің мәдениеті мен өнеріне деген қызығушылығын арттырамыз. Бала бойына ұлттық тәрбиені қалыптастыруда қазақ халқының ауыз әдебиетінің маңызы өте зор. Қазақ ауыз әдебиеті – талай ғасырлардан келе жатқан асыл мұра.

Одан халқымыздың өткенін білеміз. Қазақтың мақал-мәтелдері болсын, жұмбақ- жаңылтпаштары мен ертегілері болсын – бәрі де балаларды Отанын сүйуге, ерлікке, елін қорғауға үндейді. Қиял дүниесінен туған ғажайып оқиғалы ертегілер, батырлар жыры, өмір тәжірибесінің қысқаша қорытындысы – мақал-мәтелдер, ойға түрткі салатын сыр сандықты жұмбақтар, қиыннан қиыстырылған тақпақ жаңылтпаштар- бәрі де балабақшамызда кеңінен қолданылады. Мысалы; «Отан отанда ыстық, жалыны бар шоқтанда ыстық», «Туған жер – алтын бесік» сияқты мақал-мәтелдерді балаларға жас ерекшелігіне сай үйрете отырып олардың мағынасын түсіндіреміз. Осындай мақал-мәтелдер арқылы балаларды туған жерін, Отанын сүйе білуге тәрбиелейміз. Қазақ халқының тұрмыс-салтын, арман үмітін, өткен өмірін кеңінен танытатын ауыз әдебиеті үлгілерінің көлемді саласының бірі – ертегілер.

Ертегінің өзіндік құрылысы, көркемдік ерекшелігі бар. Қандай ертегіні алсақ та, ол белгілі бір сюжетке құрылады, оқиғаның желісінің басталуы, оқиғаның өрбуі, аяқталуы, өзіндік шешімі болады. Ертегі баяу басталып, оқиға желісі күрделене түседі. Балабақшамызда жұма күндері театр ұйымдастырылып, балалар жас ерекшеліктеріне сай ертегі образдарын өздері ойнап, сахналайды. «Алдаркөсе мен бай», «Мақта қызбен мысық» сияқты халық ертегілері арқылы балалар кейіпкердің жағымсыз әрекетінен бой тартып, жақсылыққа, шыншылдыққа ұмтылады. Халық ауыз әдебиетінің қай түріне тоқталсақта балалар үшін тәлім-тәрбиесі мол. Ауыз әдебиетінің асыл үлгілеріндегі өзекті идея өз ұрпақтарын Отанын, елін, жерін жаудан қорғауға, бостандықты, азаттық үшін күресе білуге, патриотизмге баулып, ұлттық тәрбиені бойына сіңіруге ықпалы зор.

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі – әлемде теңдесі жоқ тәрбие. Жалпы «ұлттық» деген сөздің астарында елімізге, жерімізге, тілімізге, дінімізге деген құрмет жатыр. Бала тәрбиесі ана құрсағынан бастау алса, балабақшада қалыптастырылып, оны білім теңізінің мектеп атты кемесінде ұлттық құндылықтарымызбен жетілдіру өте маңызды. Балабақшада ұлттық тәрбие енгізу арқылы біз ұлтжанды, парасатты ұрпақ өсіретініміз айдан анық. Балабақшада балаларға ұлттық тәрбие берудің маңыздылығы осында деп ойлаймын.

Ұлттық тәрбие сана –сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі.

ЖАТТЫҒУЛАР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ САУ ҚИМЫЛ ҚОЗҒАЛЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ



*Әметжан Айжан Беркінбекқызы
Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы
Психологиялық педагогикалық түзету кабинеті
Бейімдеме дене шынықтыру нұсқаушысы*

Қозғалыс дағдылары — қимылдарды автоматтандырылмаған түрде басқара білу. Қайталау нәтижесінде қимылдарды орындай білу шеберлікке ауысады.

7 жасқа дейінгі балаларда қалыптасқан моторикалар мен дағдылар оларды мектепте одан әрі жетілдіруге негіз болады, күрделі қимылдарды меңгеруді жеңілдетеді және болашақта спортта жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Мектеп жасына дейінгі балаларда негізгі гимнастика жаттығуларын (саптық және жалпы дамытушылық жаттығулар, негізгі қимылдар), сондай-ақ спорттық жаттығуларды орындау дағдыларын қалыптастыру қажет. Сонымен қатар, балаларды спорттық ойындарды (теннис, бадминтон, қалашықтар) ойнауға, спорттық ойындардың элементтерін (волейбол, баскетбол, хоккей, футбол және т.б.) орындауға үйрету керек.

Мектеп жасына дейінгі балаларда отырғанда, тұрғанда, жүргенде дене қалпын дұрыс ұстай білу қабілетін қалыптастыру қажет. Баланың денесінің барлық ішкі мүшелері мен жүйелерінің қалыпты жұмыс істеуі үшін дұрыс қалыптың маңызы зор. Бұл көбінесе тірек-қимыл аппаратының дамуына байланысты, бірақ бұл уақытында қалыптастыру маңызды дағды.

Қозғалыстарды оқыту процесі келесі кезеңдерден тұрады:

- Бастапқы оқыту.
- Тереңдетіп оқыту.
- Дағдыларды бекіту және техниканы жетілдіру.

Қозғалыс дағдылары мен дағдылары әр түрлі құралдар арқылы жетілдіріледі:

Балабақшада:

- Ашық ойындар
- Дене шынықтыру сабақтары
- Дене шынықтыру минуттары
- Балабақша аумағынан тыс жерлерде серуендеу және экскурсиялар
- Дене шынықтыру мерекелері
- Дене шынықтыру-сауық

Отбасында:

туризм, спортпен шұғылдану, бірге серуендеу, дене шынықтыру жаттығулары және т.б.

Менің жұмысымның мақсаты - отбасындағы балалардың дене тәрбиесі бала тәрбиесіндегі өте маңызды мәселе екенін дәлелдеу.

Бүгінде жер бетінде спортқа немқұрайлы қарайтын адам жоқ шығар. Спорт - бұл біздің күш-қуатымыздың, даңқымыздың, жетістіктеріміздің көрінісі.

Спорттың рөлін бәрі түсінеді, бірақ ересектердің өздері кейде қандай да бір себептермен шетте қалады. Бірінде шыдамдылық, екіншісінде уақыт, үшіншісінде ұйымшылдық жетіспейді. Бұл әсіресе ата-аналар үшін өте маңызды. Балалар ата-аналарын мұқият зерттейді. Балалардың спортпен шұғылдануда үлгі алатын ешкімі жоқ.

Ғасырдың ең мазасыз дерті қандай екенін білесіз бе?.. Физикалық белсенділік. Әрекетсіздік! Қозғалыс - бұл өмірдің басты көрінісі және сонымен бірге тұлғаның үйлесімді дамуының құралы.

Балаларымызды сәби кезімізде денсаулығымыз бен физикалық мүмкіндіктеріміз қаншалықты жақсы болса, соғұрлым олар жаңа әлеуметтік жағдайларға бейімделеді.

Баланың қимыл-қозғалыс дағдыларын қалыптастыруға, ептіліктің, жылдамдықтың, күштің және басқа да қасиеттердің қажетті деңгейіне жетуге қамқорлық жасау бала мектепке келгенге дейін де ана мен әкенің бірінші кезектегі міндеті болып табылады.

Ата-аналар баламен қарым-қатынасты ойын түрінде жүзеге асыруы керек, ал баланың жасын, оның мүмкіндіктерін әрдайым ескеру қажет.

Сабақ барысында баланың негізінен ересектердің қысымынсыз, олардың қалауына бағынатындығын білмей, қуанышпен орындайтын жаттығулары бағаланады.

Сонымен, спорттық бейімділікті ерте жастан тәрбиелеу керек. Орыстың ұлы физиологы И.П.Павлов айтқандай, баланың бойында "бұлшықет қуанышы" сезімін күшейту өте маңызды - дені сау адамның бұлшық еттерімен жұмыс істегенде сезінетін рахат сезімі. Әрбір адамның туғаннан бастап осындай сезімі бар. Бірақ ұзақ уақыт отырықшы өмір салты оның толықтай дерлік жойылуына әкелуі мүмкін. Уақытты жіберіп алмау - бұл ата-аналардың осыған байланысты білуі керек басты нәрсе.

"Спортқа алғашқы қадамдар"

Медициналық-педагогикалық тұрғыдан мектеп жасына дейінгі баланың дамуын келесі кезеңдерге бөлуге болады:

кеуде жасы - 1 жасқа дейін,

кіші жас - 1 жастан 3 жасқа дейін,

мектепке дейінгі жас - 3 жастан 6 жасқа дейін.

Баланың қимыл-қозғалыс дамуына қамқорлық жасау оның үйлесімді дамуы үшін рационалды тәртіп, жүйелі және құнарлы тамақтану, жеткілікті ұйқы, таза ауада жиі болу, таза төсек және қажетті киім сияқты маңызды.

Keуде жасы (1 жасқа дейін)

Баланың өмірінің бірінші жылындағы қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту процесі жақсы зерттелген.

Кіші жас (1 жастан 3 жасқа дейін)

Өмірдің екінші жылында ата-аналардың басты міндеті - баланың туа біткен әр түрлі қимыл-қозғалысқа деген құштарлығын қолдау, оның қалпы мен қалпын өзгертуге үйрету.

Өмірдің үшінші жылында қол мен аяқтың қозғалғыштығы қарқынды дамиды, бала күш алады. Ата-аналардың міндеті - баланың жүру, жүгіру, секіру қабілеттерін жан-жақты дамытуға ықпал ету, онымен өзін-өзі ұстау мәдениетін дамыту.

Мектепке дейінгі жас (3 жастан 6 жасқа дейін)

Өмірдің төртінші жылында ата-ананың міндеті - баланың дұрыс қалпын және жеңіл, әдемі жүрісін дамыту.

Өмірінің бесінші жылында бала жаңа жағдайларға, ырғақты қимылдар жасау жағдайына тез бағдарланады.

Алтыншы күні бала қимыл-қозғалыстың барлық негізгі түрлерін меңгергендігін көрсетуі керек. Оны ақыл-ой және физикалық тұрғыдан мектеп жұмысына дайындау керек.

Әрине, бұл спортқа алғашқы қадамдардың қысқаша сипаттамасы ғана. Маңызды: балаға барлық жағынан көмектесіп, бағыт-бағдар бере отырып, оларды дұрыс жасай білу.

Балалар мен ата-аналардың бірлескен спорттық іс-шаралары

Бірлескен іс-шаралар, ортақ спорттық қызығушылықтар ата-аналарға баланы жақынырақ тануға мүмкіндік береді, отбасында өзара ықылас пен іскерлік қарым-қатынас ортасын қалыптастырады және нығайтады.

Бірлескен іс-шаралар келесі оң нәтижелерге әкелетіні дәлелденді:

- ата-аналардың балалардың "қимыл-қозғалыс жетілу" деңгейіне деген қызығушылығын ояту және олардың жасына, қабілеттеріне сәйкес балалардың қимыл-қозғалыс дағдыларын дамытуға ықпал ету;

- ата-аналар мен балалар арасындағы байланысты тереңдету;

- балаға ғана емес, ересек адамға да қысқа мерзімде дене шынықтырумен айналысуға мүмкіндік беру: ата-ана баласына белгілі бір жаттығуларды көрсетіп, олардың көпшілігін өзімен бірге орындайды;

- анасы немесе әкесі балаға арнаған бос уақытын тиімді пайдалануға, өзара байытуға қызмет етуге, баланың жан-жақты дамуына ықпал етуге мүмкіндік беру.

Ал егер ата-аналар моторлық пассивтіліктің орнын кем дегенде ішінара өтеуге тырысса, футбол немесе хоккей ойындарындағы үзілістер кезінде дене шынықтыру үзілісін ұйымдастырады: үйдің жанынан жүгіру, баспалдақтарыңды "санау", арқанмен секіру, онда бұл телешоуга өте жақсы қосымша болады.

Яғни, баланың ата-анасымен бірге спортпен шұғылдануы - тәрбиенің негізгі аспектілерінің бірі.

Баланы спортқа баулу және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру

Жаттығуды қашан бастау керек?

Балаңызбен өмірінің алғашқы күндерінен бастап жаттығуды бастаңыз. Арнайы әдебиеттерде егжей-тегжейлі келтірілген мұқият біліммен қаруланған нәрестенің нәзік тіндеріне мұқият болыңыз. Ата-аналардың балалармен айналысатын негізгі кезеңі 2 жастан 6 жасқа дейін. Бірақ 6 жастан кейін де отбасындағы іс-әрекеттерді тоқтатуға болмайды, дегенмен бұл жаста баланың дене бітімін дамытудың басқа мүмкіндіктері пайда болады - мектепте, дене шынықтыру қоғамында және мәдени-ағарту мекемелерінде. бала маманның басшылығымен айналысады.

Қашан және қанша жаттығу жасау керек?

Ата-аналардың бірінің баламен бірлескен іс-әрекеттерін күнделікті өмірге енгізу мүмкіндігі әрдайым бар. Балаға күн сайын кем дегенде бірнеше минут уақыт бөлу керек. Отбасылық режимдегі іс-шаралар күнінің оңтайлы уақытын анықтауға тырысыңыз, содан кейін оны ұстаныңыз. Ең алдымен, баланың іс-әрекетке біртіндеп үйреніп, оның күнделікті қажеттілігіне айналуы үшін жүйелілік принципін сақтау керек.

Баланы дене шынықтырумен айналысуға қалай қызықтыруға болады?

Дені сау баланы дене шынықтырумен айналысуға мәжбүрлеудің қажеті жоқ - оның өзі қимыл-қозғалысқа зәру және барған сайын жаңа тапсырмаларды ықыласпен орындайды. Ешбір жағдайда баланы қандай да бір қимыл-қозғалыс жасауға мәжбүрлеуге немесе іс-әрекетті жалықтыратын сабаққа айналдыруға болмайды.

Егер сіз балаңызды мақтауға жігерлендірсеңіз, оның қаншалықты мықты, епті, мықты екеніне, қаншалықты шебер екеніне, өзі көрсетіп үлгергеніне таңданғаныңыз өте жақсы.

Баланың іс-әрекетке деген қызығушылығын ояту оның дағдыларын отбасының қалған мүшелеріне немесе құрдастарына көрсетуге де көмектеседі. Осылайша, бірте-бірте баланың бойында өзіне деген сенімділік пен жаңа, күрделі қимылдар мен ойындарды игере отырып, әрі қарай білім алуға деген ұмтылыс қалыптасады.

Немен және қалай айналысуға болады?

Ең алдымен, ересек адам баласымен қандай жаттығуды үйренгісі келетінін, оны қалай орындайтынын және сол арқылы не істегісі келетінін нақты білуі керек. Әр жаттығудың және әр қимыл-қозғалыс ойынының өзіндік мақсаты, мақсаты, мәні болады; осыған байланысты олар бірнеше топқа бөлінеді.

Жылы бірінші топ дұрыс дене қалпын, бастың, иықтың және дененің басқа бөліктерінің дұрыс орналасуын дамытуға бағытталған жаттығулар кіреді. Мұндай жаттығулар сауықтыру жаттығулары деп аталады; дәл осы қозғалыстар дұрыс физикалық дамуға ықпал етеді. Бұл жаттығуларды орындау кезінде арқаның қажетті түзетілуіне, тиісті бұлшықеттердің созылуына қол жеткізу үшін олардың дұрыс орындалуына ерекше назар аудару қажет. Ата-аналар ең алдымен балаға жаттығуларды көрсетіп, содан кейін балаға жаңа қимыл-қозғалысты меңгеруге көмектесуі керек. Осы топтың кез-келген жаттығуларын орындау кезінде жеке қалыптар мен позициялардың дұрыс болуы үшін ата-аналардың көмегі мен қарапайым бақылауы қажет.

Жылы екінші топ акробатика элементтерін қамтитын жаттығулар кіреді. Олар ептілікті, икемділікті және реакция жылдамдығын дамытуға бағытталған және сақтандырумен жүзеге асырылады. Бұл қозғалыстарды орындау кезінде толық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ересектер өте мұқият және мұқият болуы керек.

Ата-аналар баланың бойында батылдықты, әдеттен тыс дене қалпынан немесе қалыптарының тез өзгеруінен туындаған қорқынышты жеңе білуді дамытуға мүдделі болғандықтан, оны қорқыныштан арылғанша және акробатикалық жаттығуларды қуана-қуана қайталағанға дейін әдеттен тыс қалыпта жүруге шыдамдылықпен үйрету керек. .

Кімге үшінші топқа жаяу жүру, жүгіру, секіру, өрмелеу және лақтыруды қолданатын ашық ойындар жатады. Бұл табиғи қозғалыстар балаларға тартымды болуы үшін оларды қарапайым ережелермен ойнау біріктіреді.

Жылы төртінші топ таза ауада немесе үй ішінде әртүрлі заттарды, снарядтарды қолданатын жаттығулар кіреді. Бұған, мысалы, көтерілген және көлбеу жазықтықта жүру, баспалдақпен және гимнастикалық қабырғаға көтерілу, әртүрлі кедергілердің астынан жорғалау, кедергілерден секіру жатады. Мұнда балаларға қойылатын талаптарды біртіндеп арттыру қағидасын сақтау қажет. Ата-аналардың тапқырлығы ерекше маңызды, бұл қалыпты жағдайда балалардың көтерілуіне, секіруіне және тербелуіне әр

түрлі қызықты тосқауылдар жасауға көмектеседі, бұл баланың қимыл-қозғалыс қорын байытады. Пәтерде тұрған балаға ептілікке, реакция жылдамдығына машықтанып, әр түрлі қимылдарды шоғырландыруы үшін күнделікті қызықты кедергілер жолын дайындаған жөн. Табиғатта мұндай жолдарды арқандар, тақталар арқылы оңай салуға болады.

Балалар кедергілер жолын өз бетінше еңсеріп, оны мүмкіндігінше жақсы орындауға тырысады. Бұл жаттығуларда орындаудың дәлдігі емес, әдеттен тыс жағдайларға тез бейімделу маңызды. Тәжірибе нәтижелері бойынша балаларға жаттығудың бұл түрі бәрінен бұрын ұнаған.

Бесінші топ музыкалық-ритмикалық жаттығулар балаларды сымбаттылыққа, қимылдарды саналы түрде орындауға және қимылдарды өлеңдер, әндер, музыка ырғағымен үйлестіруге тәрбиелейтін жаттығулардан тұрады. Бала әуелі музыка тыңдап, оның табиғатын түсінуге үйренеді, содан кейін қимыл-қозғалысты музыкамен еркін байланыстырады. Ата-аналар балалар әнін айта білуі, музыкалық аспапта қажетті ырғақта қарапайым әуен ойнай білуі керек. Егер бала қимылмен музыканың ырғағы мен сипатын баса алса, оған үйреніп алғандай болса, ол музыкалық аспапта ойнауды, би билеуді, ән айтуды одан әрі үйрену үшін үлкен артықшылықтарға ие болады. Музыка тыңдай білу кез-келген жаста пайдалы.

Спорттың кез-келген түрімен жүйелі түрде шұғылдану бұлшықет күшін, төзімділікті, жылдамдық пен ептілікті дамытады.

Алайда бұл қасиеттердің "салмағы" әр түрлі спорт түрлерінде әр түрлі болады. Сондықтан спорттың осы немесе басқа түрімен шұғылдану үшін спорт мұғалімімен және дәрігерімен алдын-ала кеңесу қажет. Бұл ретте оқушының денсаулығының жай-күйі мен дене бітімінің даму сипаты, сондай-ақ оның денесінің дамуына жаттығулардың ықтимал әсері ескеріледі.

Бастауыш сынып оқушыларына спорттың кейбір түрлерін ұсынуға болады, атап айтқанда ептілікті, икемділікті және қимыл-қозғалысты үйлестіруді дамытатын, дене бұлшық еттерінің мүмкін болатын үлкен тобына біркелкі және қалыпты жүктемені қамтамасыз ететін спорт түрлері, мысалы: мәнерлеп сырғанау, көркем гимнастика, жүзу және т.б.

Тағы бір айта кететін жайт, спортпен шұғылдану жаттықтырушының басшылығымен жүргізілуі керек.

Қорытынды

Ата-аналардың баланың жеке басының үйлесімді дамуына деген қызығушылықтары оянады, осылайша олар дене шынықтырумен де, дене шынықтырумен де белсенді айналысады және осылайша отбасылық қарым-қатынасты нығайтуға, балалардың ата-аналарына деген сүйіспеншілігі мен құрметін тәрбиелеуге үлес қосады деп сенемін. Ғылым ата-аналардың баламен бірлескен дене шынықтыру жаттығулары қуаныштың қайнар көзі, отбасылық өмірді байытып, сауықтыратындығын дәлелдеді.

Әрине, сәбилердің әрқайсысы чемпион бола бермейді, бірақ әрқайсысы мықты және дені сау болып өсуі керек. Адамдар бақыт туралы сөйлескенде, ең алдымен, бір-біріне денсаулық тілейді. Сондықтан балалар сау және бақытты болсын. Бұл дегеніміз, біз бәріміз сау және бақытты боламыз.

АУТИЗМ БАЛАЛАРМЕН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСТАРЫ



*Таянышбаева Асия Максатқызы
Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Қайназар ауылы
Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті
Психолог*

Жалпы білім беру жүйесіне аутизм балаларды инклюзивті білім беру үрдісіне кіріктіру мәселесі балалардың эмоциялық және психологиялық дамуына ықпал етеді және іске асады.

Аутизм балаларды қолдау мен сүйемелдеу деңгейі диагностикалық белгілерінің және дамуындағы түрлі бұзылулардың ауырлығының негізінде кезектесу қажет.

Аутизм балалардың сөйлеу тілі коммуникативтілігі, бірігіп жұмыс істеу қабілеті, сенсорлық қабылдау бұзылуларымен сипатталады. Бұндай балаларды инклюзивті оқытуда алдымен бұзылымдарды негізін түсіну, педагогикалық әдістемелерді таңдау болып табылады.

Қалыпты интеллект, жақсы есте сақтау қабілеті, көріп қабылдау қабілеті аутизм балаға академиялық бағдарламаны жақсы қабылдауға мүмкіндік береді. Аутист бала математикадан үздік оқи алады, кейде өз қатарындағы балардан да үздік оқиды. Кейбіреулері, ұсақ моторикасында проблемасы жоқ жағдайда, сурет салуда үздік.

Аутизм синдромы бар балалардың көпшілігі оқуды тез меңгереді, бірақ оқығанын түсінбейді. Ерекше аймақтық қызығушылықтары болады: тарих, астрономия ғылымдарының expertі т.б. Бір жағынан, аутистік белгілері және қабылдау проблемалары мектепте оқығанда үлкен кедергілер туғызады. Құрдастарымен қарым-қатынасқа кірігу қиындықтары сыныптастары және мұғалімдер жағынан әлеуметтік шектеудің себебі болады. Ол адамның сыртқы әлемнен оқшаулануымен, қарым-қатынасқа түспей, өз әлемінде өмір сүруімен ерекшеленеді. Ол баланың ана құрсағына біту процессінде дамиды. Деңгелеріне қарай: жеңіл, орта, ауыр түрлері болады. Аутизм: ойлау, сөйлеу, есте сақтау қабілеттерінің бұзылыстарымен қоса жүреді. Әр балада әртүрлі болып кездеседі. Бірақ негізгі белгілеріне:

- өзін өзгелерден оқшау ұстауы
- мінез-құлық бұзылыстары
- стереотипті әрекеттер
- көзге қараудан бастартуы
- тактильден қашуы
- сөйлеуі

Бұл жиі кездесетін белгілері. Бірақ әр балада өзгешеліктерді байқаймыз, ол баланың темпераментіне, диагноздың деңгейіне де байланысты болады. Ғалымдар аутизмнің неден болатыны әлі күнге дейін анықтамаған. Бірақ ол ген арқылы беріледі деп болжауда. Негізінен бұндай балалар: невропатолог, психиатр дәрігерлердің бақылауында болады. Психолог, дефектолог, логопед мамандары бірлесе отырып етене еңбек етулері арқылы, балаға көмек беріп, біраз нәтижеге қол жеткізе алады. Яғни: негізгі іс-шарала аутизмді емдеуге емес, баланы солай қабылдап, оның өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталады.

Психолог маманың негізі жұмысы: ерекше балалардың психоэмоционалдық күйін жақсартып, танымдық процесстерін жетілдіру. Ерекше балаларға оңтайлы нәтиже көрсеткен, негізінде АВА-терапиясы болып табылады. Осы терапия арқылы балалардың мінез-құлық, ойлау, сөйлеуіне коррекциялық жұмыстар жүргізіп, жақсы нәтижеге жетуге болады. Әрине бұл ұзақ уақытты процесс болып табылады.

Психолог аутист балалармен жұмыс жасауда негізгі мәселе, бірінші: іс-әрекетіне психокоррекция жасайды. Себебі: егер бала бір орында отыра алмаса, қажетсіз әрекеттер көрсетсе, онда бала керек материалды игере алмай, өзге мамандармен де жұмыс жасай алмайды. Сондықтан алдымен ол баланың мінез-құлық ерекшеліктерін анықтап, қажетсіз әрекеттерді коррекциялауға, яғни түзетуге тырысу керек. Мысалы: егер балаға белгілі бір сыртқы тітіркеніштер әсер етіп күйзеліс байқалса: онда егер мүмкін болса сол тітіркеніштерді жоюға, я баладан алыстатуға тырысу керек. Қажет болса балаға жылы сөз атып, бала қарсы болмаса құшақтаған

жөн. Сол арқылы бала өзін қауыпсіздікте сезінеді. Егер сабақ орындағысы келмей, жағымсыз әрекет көрсетсе, онда оған көңіл бөлмей, бірақ сабақты ұзартпай, бір дұрыс жауаптан соң дем алуға мүмкіндік береміз. Дем алу ұзақтығы 3-5 минуттан аспауы керек. Егер бала тапсырманы істегісі келмесе: онда өзіміз балаға ұнамдырақ түрде тапсырма береміз. Мысалыға: пазлды жақсы көрсе, онда пазл түрдегі тапсырмалар береміз. Бұл балаға ойлауын позитивке бұру арқылы, күш жинап, көңіл аударуға мүмкіндік береді. Жағымсыз әрекеттерін жоқ қылу үшін: жағымды әрекет көрсеткенде баланы мақтап, қолдап отырамыз. Бұл арқылы: біз баладан не күтетінімізді көрсетеміз.

Ерекше балаларға негізгі психокоррекциялық жұмыстарға:

- саусақпен ойындар, сурет салу
- нейрогимнастикалық жаттығулар
- релаксациялық жаттығулар
- құм, музыка, арома терапия
- арт-терапия
- зоотерапия
- еңбек терапиясы
- ойын терапиясы жақсы әсерін тигізеді.

Баланың күшті тұстарын негізге ала отырып, сол бағытта жылжып жетілдіреміз. Ал әлсіз тұсын анықтап, оған қажетті жатығулар беруге болады. Әр баланың психологиялық ерекшеліктеріне баланысты психолог балаға жеке бағдарлама құруы қажет. Оған іс-әрекетін, ойлауымен сөйлеуіне, мінез-құлықты, эмоционалды жағдайын түзету кіреді. Балаға психокоррекциялық жаттығуларды қызықты етіп, өзін жайлы сезіне алатындай жасау арқылы, оңтайлы нәтижеге қол жеткізе аламыз.

Психокоррекциялық жұмысты таңдау кезде аутист баланың неге қызығатынын, неге жақын екенін анықтап, жұмыс жасаған жөн. Кейбіреулері сурет салғанды ұнатып, тынышталса, демек; арт-терапия арқылы түзету жұмыс барысына қоса аламыз. Мысалы: Ж. есімді баланың тәртібінде қолайсыздық туындап, мектеп материалын игеруі де қиын болып жатыр. Педагогтардың баламен жұмыс жасауы да қиынға соқтырады. Психологтың құзырына кіретін жұмыстың бірегейі болып: балаға психодиагностика жасаумен басталады. Аутист баланың әлсіз-күшті тұстарына ескертпе жасап, танымдық процестерінің қаншалықты жетілгендерін анықтамыз. Ж. есімді баланың психологиялық ерекшелігін ескере отырып, жеке жұмыс жоспарын құрамыз. Қызығушылығын ескеріп, контакт жасап, эмоционалды фонын қалыпқа келтіреміз. Сабақта отырып, материалды игеруіне не бөгет болып жатқанын бақылау арқылы, сол кедергі жасап жатқан мәселені азайтуға тырысамыз. Соңында қалыптасқан жағымды мінез-құлықты бекітеміз. Психолог балаға жеке және топтық жоспар құру арқылы, оның индивидуалды және әлеуметтік дамуына әсер етеді. Және де өзге мамандармен жұмыс жасауда туындаған мәселелерді де қамтып отырады.

Психокоррекциялық жұмыстардың шеңберін ұзарту арқылы оңтайлы тәсілдерді жұмыс барысына қосу, ерекше балалардың жеке-тұлғалық қалыптасуын қадағалайды. Мысалы: еңбек терапиясын қолдану арқылы баланы өзін-өзі бақылауына, қамтамасыз етуіне әсер етеді. Және де өзгелермен қалай қарым-қатынасқа түсуге болатынын үлгі ретінде психологтар, педагогтар көрсете алулары қажет. Социализация, өзін-өзі басқаруы, өміріне ең қажетті базалық материалды игеру міне осы секілді мәселелерді психолог өз бағдарламасына, түзету іс-шарасына қосқаны құптарлық.

Кейде мұғалімдер аутист балаларды оқытуда олардың ақыл-ойының, мінез-құлық ерекшеліктерін ескерусіз қалдырып, артық яки мүмкіндіктерінен тыс қабілетті күтеді. Шыдамсыздық танытып, қатандықты да көрсетіп жатады. Тіпті кейбір ата-аналарда балаларынан нәтиженің лезде қалыптаспағанына реніш туындатып, шағымданады. Сондықтан психолог алдымен аутист балалардың ата-анасымен, педагогтармен түсіндіру, ақпараттандыру шараларын жасап, балалармен қалай жұмыс жасау арқылы, жетістікке жетулеріне болатындығы жайлы ұсыныстарын беруі керек. Сонымен қатар, психолог басқа да мамандармен етене араласып жұмыс жасай отыра, оларға психологиялық кеңес пен бағыт-бағдар беріп отырады.

Аутист балалармен жүргізілетін психологиялық коррекциялық жұмыс: баланың стресстен алшақ болып, эмоционалды күйінің бірқалыпты болуын қадағалауы арқылы, өзге психикалық процесстерінің қалыптасуына бағытталған жұмыстарға жол ашады.

Қорыта айтқанда, аутизмі бар балалармен жүргізілген жұмыс нәтижесі бойынша зерттеу болжамдарының дұрыс екені дәлелденіп, аутизм диагнозы бар балаларды оқытуда кешенді түзете- оқытудың, заманауи әдістерді пайдаланудың тиімділігі көрсетілді. Яғни, аутизмі бар балалармен жұмыс жүргізу барысында кешенді түрде әдістерді қолдану баланың сауығуына барынша мүмкіндік береді.

ҚОҒАМНЫҢ МӘДЕНИ ДАМУЫНА КІТАП ОҚУДЫҢ ӘСЕРІ



*Турмуратова Еркинай Хайнадиновна
Қарағанды облысы, Теміртау қаласы
“№10 жалпы білім беретін мектебі” КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Кітап оқу – адамның интеллектуалдық, рухани және мәдени дамуының негізгі құралдарының бірі. Ол қоғамның мәдени құндылықтарын сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге, сонымен қатар жаңа идеялар мен білімді таратуға ықпал етеді. Кітап оқу тек жеке адамның ғана емес, тұтас қоғамның мәдениет деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Кітап оқудың мәдени дамуға тигізетін әсері

1. Зияткерлік әлеуетті арттыру

Кітаптар арқылы адамдар білімін тереңдетіп, ойлау қабілетін дамытады. Әр түрлі салалардағы білімнің кеңеюі қоғамның ғылыми және мәдени прогресіне жол ашады.

2. Рухани байыту

Әдебиет, поэзия және философия кітаптары адамның ішкі әлемін байытып, моральдық құндылықтарды тереңірек түсінуге ықпал етеді. Бұл қоғамдағы адамгершілік қасиеттердің нығаюына әсер етеді.

3. Тарихи және мәдени мұраны сақтау

Кітаптар ұлттың тарихы мен мәдениетінің айнасы болып табылады. Олар арқылы ұрпақтар өздерінің өткенін түсініп, ұлттық болмысты сақтауға мүмкіндік алады.

4. Сыни ойлау қабілетін дамыту

Кітап оқу адамдарға әртүрлі пікірлерді салыстырып, сыни тұрғыдан талдау жасауға үйретеді. Бұл қоғамда саналы және білімді азаматтардың қалыптасуына ықпал етеді.

5. Тіл байлығын дамыту

Кітап оқу адамның сөздік қорын байытып, тіл мәдениетін арттырады. Тіл – мәдениеттің басты құралдарының бірі, сондықтан оның дамуы қоғамның жалпы мәдениет деңгейін арттыруға ықпал етеді.

6. Шығармашылықты дамыту

Көркем әдебиет пен ғылыми кітаптар оқырмандардың қиялы мен шығармашылық қабілетін арттырады. Бұл өнер, ғылым және басқа салаларда жаңа идеялардың пайда болуына себеп болады.

Қазіргі қоғамдағы кітап оқудың рөлі

1. Сандық технологиялар мен электрондық кітаптар

Қазіргі уақытта кітап оқуға деген қызығушылық электрондық кітаптар мен аудиокітаптардың арқасында қайта жанданып келеді. Бұл технологиялар ақпаратқа қол жеткізуді жеңілдетіп, кітап оқуды кең аудиторияға қолжетімді етуде.

2. Кітап оқудың танымалдылығын арттыру

Әлеуметтік желілер мен заманауи платформалар арқылы кітап клубтары, оқырмандар қауымдастықтары және әдеби марафондар сияқты жобалар жүзеге асырылып, кітап оқуды насихаттау үрдісі кеңейіп келеді.

3. Кітап оқу арқылы мәдени байланыстарды нығайту

Әлемдік әдебиет адамдарды әртүрлі мәдениеттермен таныстырып, олардың өзара түсіністігін арттырады. Бұл толеранттылықты дамытуға және жаһандық мәдени алмасуды нығайтуға ықпал етеді.

Өмірде кітап оқудың адамға берері көп. Шындап келгенде, әр кітап бір-бір тәжірибелі ұстазға, адамның ақыл қалтасына ұқсайды. Негізі, кітап оқу өмірде қателікке бой алдырмау үшін басқалардың тәжірибесімен

танысу дегенді де білдіреді. Адамға таптырмайтын бірден-бір пайдалы дос – кітап. Ешкімнің мазасын алмайтын, керек кезде жаныңнан табылатын, қиналғанда ақылшы болатын, үйреткен ақылына ақы сұрамайтын, жансарайыңды серпілтетін, көңіліңе шабыт қондыратын, өзі үн қатпаса да, өзінің ішкі әлемімен елітетін, дұрыс таңдау жасауға жол сілтейтін әрі адамды жалықтырмайтын серік деуге де болады. Білімділікке де баулитын – кітап. Керісінше, білімсіздік – адам баласының опа бермес дұшпаны. Өмірде болатын көп қателіктер білімсіздіктен туындайды. Білімді жанға қашан да жол ашық. Жұрт та білімді адамды ерекше қадірлейді. Себебі білімді адам әрдайым өз халқына пайдасын тигізіп отырады.

«Артық ғылым кітапта, ерінбе оқып көруге», – деп Абай атамыз айтқандай, кітап оқу барысында неге мән беру керек? Кітаптан рухани азық алып, оны өмірде пайдалану үшін қандай кітаптарды оқыған жөн? «Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік», – деген Ғабит Мүсіреповтің сөзі де кез келген жанды кітаппен дос болуға шақырады. Кітапты таңдау, оны түсіну мен түйсіну, алған әсерді өмірлік қажетіне жарата білу – әрбір адамның білігі мен білімін, пайым-парасатын анықтайтын алғы шарттардың бірі. Кітапты оқыған кезде, жазушының баяндау мәнері мен жазу тәсіліне байыппен қараған жөн. Жалпы, кітапта белгілі бір жүйе сақталса, рухани азық алу кім-кімге де қиын емес. Оқу – ізденіске деген құштарлықты оятатын үдеріс, әрі сол адамның мәдениетін тұтас көрсетіп отырады. Егер бір кітапты қолға алсаңыз, оның ішкі нәрін алу, пайдалы ой қорыту мақсатымен оқыған көңілге қонады. Кейде кітап оқып отырып, өзімізге қажетті тұстарды сызып, қоршап, тіпті түртіп алып отырамыз. Түсінуге қиын тиетін, тілі ауыр шығармаларды бес-алты қайтара оқып шықсақ та артық емес. Себебі қайталап оқыған сайын, санаға жаңа ой ұялап, көкірегің ашыла түседі. Мысалы, бақта, бау-бақшада жемістер де, көкөністер де көп. Бірақ олардың бәрі дәмді, бал татып тұрмайды. Сол сияқты, ілімдер де көп, бірақ барлығы пайдалы бола бермейді.

Тарихта мұсылман қауымы не нәрсенің де жақсы жағына ұмтылып, өзі оқитын кітаптарға зор талғаммен қарап, білім-ғылымның да пайдалысын, кішіпейілділік пен имандылыққа шақыратын, адамдық мінезді жолға қоятын кітапты таңдап, ерекше назар аударған. Кітап оқу – адамның өзін тануына жол ашатын бағдаршам іспеттес. «Кітап – көзі жұмыққа арзан, көзі ашыққа маржан». Күнделікті өмірде үзбей кітап оқуды жақсы әдетке айналдырса, нұр үстіне нұр болар еді. Мысалы, жол жүргенде, аялдамада, қоғамдық көліктерде, жұмыста, үй тірлігінен қол босағанда кез келген сәтте өзіңмен бірге ала жүріп газет, журнал, кітап ашып оқып, сол уақытты да ұтымды пайдаланудың маңызы зор. Кейбір өркениетті елдерде халық бұны әдетке айналдырған. Ғалымдардың айтуынша, кітап оқығанда, «Оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық», – деп Ы.Алтынсарин айтқандай, сол кітаптың ең маңызды нәрін, сөлін сарқып алуға тырысу қажет.

Кітапты оқып отырып, іштей мынадай сұрақтарға жауап іздеген жөн. «Автор нені айтқысы келді?», «Оның баяндау мәнері қандай?», «Қай тұстарын көңілге тоқуға болады?», «Мен бұл кітаптан не түйдім?», тағы басқа. Мұндай саралау кітапқа толық көңіл бөліп, мазмұнын жақсы есте сақтауға көмектеседі.

Қазақта қара сөздің зергері, ақын А.Құнанбаев атамыздың жас кезінен қаладан ауылға қатынаған адамдардан кітап алып оқуды әдетке айналдырғанын да көп жазбалардан білеміз. Абайдың оқыған кітаптары арасында батыс, шығыстың ең озық әдебиеттері де болған. Кітаппен дос болғаны соншалық, оның бүкіл пәлсапалық еңбектері Ислами дүниетанымға негізделгенінен де хабардармыз. Шәкәрім Құдайбердіұлы да Стамбул кітапханаларына барып, кітап іздеп шарқ ұрған. Шәкәрімнің халық танитын, құрмет тұтатын дәрежеге жеткені де – кітаппен дос болғандығында.

Артына 30 томдық мұра қалдырған Мәшһүр Жүсіп бабамыз да жас кезінен өте зейінді, білімді, көп ізденетін болған. «Ағаштың жемісі бұтақта болса, сөздің жемісі кітапта». Осы орайда бұрынғы дана, ойшылдармен сырлас, мұндас болып, олардың өткен өмір жолымен танысып, пікір алысуға бүгінгі күні де жол ашық. Ол – сол кісілердің еңбектері. Ұрпаққа жазып қалдырған том-том мұралары. Л.Н.Толстой бұл туралы «Жақсы кітап ақылды адамның әңгімесімен бірдей», – деген. Тарихымыз бен әдебиетіміз, мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді тануды да кітаптан оқып үйренеміз. Өмірге қажетті мамандық атаулының қыры мен сыры да осы кітапта. Керісінше, кітап оқымау адамның зейінін тұмшалап, зеректік қабілетін төмендетеді. Д.Дидро айтқандай, «Кітап оқымаған адам тіпті ойлаудан да қалады» – деген. Шынымен де ойлау қабілеті болмаған адамның қандай қасиеті бар? Ондай адам өмірдің мән-мағынасын қалай ғана түсінеді? Шығыстың бір даналығында, «Бар кітап бір кітапты түсіну үшін оқылады» деп айтылады. Кітап атаулыны «ғалам» деп есептесек, оны түсініп, санаға түйсініп, бар құдіреттің нақыштарын әрлеу, зерделеу үшін көп кітапты оқу қажет. М.Әуезов «Кітап атаулы досы бола бастаған шақтан былай ғана әрбір жан өзін интеллигент бола бастадым деп санауына болады», – деген тәмсілінің өзінде терең астар жатыр.

Кітап – адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. Адам денсаулығына кітап оқудың пайдасы зор екендігін де ғалымдар дәлелдеп отыр. Медицинада мидың жұмысы бүкіл дене организмдеріне тікелей әсер етеді деп дәлелдеген. Көбірек кітап оқыған, сурет салатын,

әсіресе, ақыл-ой еңбегімен айналысатын адамдарда жүйке жүйесінің басқаларға қарағанда тез дамидынын, қартайған кезде де жүйке қызметінің шаршауы, үлкен мидың қартаюы болмайтыны зерттеулерде дәлелденген нәрсе. Жақсы кітап – рухани азық. Рухани толысудың таптырмас дәрісі. Кітап – қоғам. Әрбір кітапты оқып танысқан кезде, ондағы баяндалатын, суреттелетін оқиғалар адамның сезімі мен санасын нұрландырады, көркейтеді, алға ұмтылдырады.

Кітап – асыл қазына, кітап – рухани азық, кітап – жан серігің, ақылшың. Ендеше, кітапты аяқасты етпейік, ол – қастерлі, киелі ұғым. Мектеп қабырғасында ғана кітап оқып, онан қол үзуге болмайды. Онымен дос болуды өмірлік дағдыға айналдырған дұрыс-ақ. Өйткені кітаптың адамзатқа берер тәрбиесі өте зор.

Қазіргі өзекті мәселелер мынадай:

1. Мәселе: Кітап оқуға қызығушылықтың төмендеуі

Шешім: Оқу мәдениетін насихаттау бойынша мектептерде, университеттерде және қоғамдық орындарда іс-шаралар ұйымдастыру.

2. Мәселе: Заманауи әдебиеттің жетіспеушілігі

Шешім: Жазушыларды қолдау және жаңа шығармаларды жариялауға жағдай жасау.

3. Мәселе: Жастар арасында интернеттің басым болуы

Шешім: Электрондық кітапханалар мен мобильді қосымшаларды дамыту арқылы кітап оқуды заманауи форматқа көшіру.

Қорытындылай келе, кітап оқу – қоғамның мәдени дамуының қозғаушы күші. Ол адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына, ұлттың мәдени мұрасын сақтауға және шығармашылық әлеуетті арттыруға ықпал етеді. Сондықтан кітап оқу мәдениетін дамыту – әрбір қоғамның басты міндеттерінің бірі. Оны жүзеге асыру үшін мемлекеттік, қоғамдық және жеке деңгейдегі шараларды үйлестіріп, кітапқа деген қызығушылықты жандандыру қажет.

БИОЛОГИЯ ПӘНІН ПРОБЛЕМАЛЫҚ ӘДІС АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



*Сансызбаева Әсел Бауыржанқызы
Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қарасу ауылы
№83 А. Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектеп
Биология пәні мұғалімі*

Қазіргі заманғы білім беру үдерісінде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру, олардың шығармашылық және сындарлы ойлау дағдыларын дамыту үлкен маңызға ие. Осы мақсатта проблемалық оқыту әдістерін қолдану тиімді тәсілдердің бірі болып табылады. Бұл әдіс оқушыларды білім алу барысында белсенділікке ынталандырып, олардың биологиялық құбылыстарды терең түсінуіне және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

1. Проблемалық әдістің мәні

Проблемалық әдіс – оқушыларға нақты бір мәселені қойып, оны өз бетімен шешуге мүмкіндік беру арқылы жүзеге асатын әдіс. Биология пәнінде проблемалық әдіс оқушыларға биологиялық құбылыстарды түсіндіріп қана қоймай, оларды талдап, өз беттерінше шешім шығаруға бағытталған. Бұл әдіс арқылы оқушылар теориялық материалды жәй ғана жаттап алмай, оны терең түсініп, биологиялық процестердің мәнін зерттейді.

2. Проблемалық оқытудың негізгі кезеңдері

Биология сабағында проблемалық әдістерді қолданудың бірнеше негізгі кезеңдері бар:

- **Проблеманы қою:** Мұғалім сабақ барысында оқушылардың алдына нақты бір биологиялық мәселені қояды. Бұл сұрақ немесе проблема оқушылардың қызығушылығын тудыруы керек. Мысалы, экология немесе генетика мәселелерін зерттеу барысында «Неліктен биоалуантүрлілік маңызды?» деген сұрақ қойылуы мүмкін.

- **Мәселені талдау және зерттеу:** Оқушылар мәселені шешу үшін әртүрлі ақпарат көздерін пайдаланып, мәселені талдайды. Олар ғылыми деректерді зерттейді, эксперименттер жүргізеді немесе гипотезалар ұсынады.

- **Шешім табу және қорытынды жасау:** Зерттеу нәтижелерін талдау барысында оқушылар өздерінің болжамдарын тексереді, шешімдер қабылдайды және қорытынды шығарады. Мұғалім бұл кезеңде бағыттаушы рөл атқарады, бірақ оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауына мүмкіндік береді.

3. Проблемалық әдісті қолданудың тиімділігі

Биология сабағында проблемалық әдістерді қолдану бірқатар артықшылықтар береді:

- **Зерттеушілік қабілеттерді дамыту:** Оқушылардың алдына қойылған мәселелерді шешу үшін олар әртүрлі ақпараттарды іздестіреді, талдайды және эксперименттер жүргізеді. Бұл оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамытады, ғылыми деректермен жұмыс істеуге үйретеді.

- **Танымдық қызығушылықты арттыру:** Биологияда проблемалық әдіс қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Құбылыстарды терең зерттеу, ғылыми сұрақтарға жауап іздеу – оқушылардың биологияға деген ынтасын оятады.

- **Шығармашылық ойлауды дамыту:** Проблемалық әдіс оқушыларды стандартты емес шешімдер іздеуге ынталандырады. Олар әртүрлі гипотезалар құрып, шығармашылықпен ойлау қабілеттерін дамытады.

- **Топтық жұмыс дағдыларын қалыптастыру:** Проблемалық әдіс көбінесе топтық жұмысқа негізделген. Оқушылар бірлесіп жұмыс істеп, идеяларымен бөлісіп, ортақ шешімге келеді. Бұл олардың қарым-қатынас дағдыларын жақсартады.

Мысалдар: биологиядағы проблемалық тапсырмалар

Биология сабағында проблемалық әдісті қолдану үшін түрлі тапсырмалар мен мәселелер қоюға болады.

Мысалы:

Экология сабақтарында «Қалдықтарды қайта өңдеудің қандай экологиялық маңызы бар?» деген мәселені шешу үшін оқушылар түрлі зерттеу жұмыстарын жүргізіп, қалдықтарды қайта өңдеу процестерін талдай алады.

Генетика сабақтарында оқушыларға «Генетикалық әртүрлілікке әсер ететін негізгі факторлар қандай?» деген сұрақ қойылып, олар генетикалық мутациялар мен олардан туындайтын салдарларды зерттейді.

Анатомия мен физиология сабақтарында «Неліктен адам ағзасындағы су балансы денсаулық үшін маңызды?» деген сұраққа жауап іздеу арқылы оқушылар ағзадағы физиологиялық процестерді зерттейді.

Биология сабақтарында қалыптасатын арнайы пәндік дағдыларға процестердің, құбылыстардың, тірі жүйелердің модельдерін құру қабілеті де жатады. Модельдеу - жаратылыстану ғылымдарында кеңінен қолданылатын таным әдістерінің бірі, яғни оны мұғалім оқу үдерісіне саналы түрде енгізуі керек. Мысалы, "Генетика негіздері" тақырыбында тұқым қуалаушылық заңдылықтарын зерделеу кезінде оқушылар модельдеу, процесс үлгілерімен жұмыс істеу қажеттілігіне тап болады. Белгілердің тұқым қуалаушылық заңдылықтары статистикалық болып табылады, олардың негізінде нақты жауап беру мүмкін емес, тек сол немесе басқа нәтиженің ықтималдығын анықтауға болады. Менің тәжірибем көрсеткендей, оқушылар бұл ерекшелікті үлкен қиындықпен түсінеді. Сондықтан бұл тақырыпты меңгерудің негізінде оқушыларға жеткілікті түрде түсінікті қандай да бір жалпы үлгі болуы керек. Содан кейін материалды меңгеру процесі осы модельдің төңірегінде, оны нақтылау, өрістету барысында құрастырылады. Белгілі бір проблемалық тапсырманы шешу барысында құрастырылатын жыныстық көбею кезінде тұқым қуалайтын ақпаратты берудің жалпы үлгісі осындай негізгі үлгіге айналады. Осы кезде балалар көбею (сақтау) процесінің маңыздылығын жақсы меңгеріп үлгерді тұқым қуалайтын ақпаратты ата-анадан ұрпаққа беру нәтижесінде уақыт бойынша (түрлер), жыныссыз көбеюде тұқым қуалайтын ақпаратты беру процесін модельдеді, митоз процесімен танысты, "жыныстық көбею" ұғымына анықтама берді. . Содан кейін олар "Жыныссыз көбею" тақырыбында қарастырылған тұқым қуалайтын белгілердің берілу моделінің қолданылмайтындығына тап болады. Проблемалық жағдай туындайды және жыныстық көбею кезінде тұқым қуалайтын ақпаратты беру принципін іздеу қажеттілігі туралы проблемалық мәселе тұжырымдалады. Генетиканың негізгі ұғымдары дәйекті түрде енгізілетін модель жасалады: диплоидты, гаплоидты жасушалар (организмдер), гомологтық, гомологтық емес хромосомалар, аллель және т.б. Әрі қарай Г.Мендель заңдары және т.б. қарастырылады. Әр жолы біз бұл модельге білімнің жаңа қабаттарын қосып, оны жетілдіре отырып, іргетас ретінде жүгінеміз. Бұл үдерістің балалар үшін табиғи болғаны сонша, біз сегізінші сыныпта оқимыз, егер уақыт болса, генетикалық есептердің бес-алты түрін шешеміз. Және бұл тапсырмалар оқушылардың көпшілігі үшін аса қиындық тудырмайды.

Осылайша, оқушылар танымдағы модельдеудің мәні туралы түсінік ала алады және абстрактілі ғылыми модельдермен жұмыс істеу тәжірибесін ала алады. Бірақ бұл жеке тұлғаның болашақтағы жетістігін қамтамасыз ететін мектептегі білім берудің айтарлықтай маңызды нәтижесі, өйткені көптеген мамандықтар осындай іс-әрекеттерді жүзеге асыруды көздейді.

Әрине, бір мақаланың аясында проблемалық оқытудың барлық мүмкіндіктерін немесе оқу қабілеті қалыптасатын сабақтардың түрлерін көрсету мүмкін емес, бұл оқушылардың тиісті іс-әрекет тәсілдерін, дағдыларын, белгілі бір тәжірибені меңгеруінен көрінеді. Бірақ білім беру үдерісінің осы нәтижесіне қол жеткізу тұлғаның құрылымында оқуға, танымға деген қажеттіліктің пайда болуы мен шоғырлануына негіз бола алатындығын ескеру маңызды. Біз мектеп оқушыларының оқуға құлықсыздығымен қаншалықты жиі кездесеміз. Біз оларды жалқаулығы, жауапсыздығы үшін сөге аламыз және сонымен бірге мұндай қасиет баланың мектеп өмірінің қандай да бір кезеңінде немесе қандай да бір пән бойынша үлгермеуінің нәтижесі екенін көрмейміз. Себептерді іздей бастағанда, мәселе оның қаламағанында емес, нақты оқушының қалай оқу керектігін білмеуінде, оқу іс-әрекетінің сол немесе басқа тәсілдерін меңгермеуінде екенін түсінесің. Және оның үйренуге құлықсыздығы, шын мәнінде, қорғаныс реакциясы болады. Кім басқалардан нашар болғысы келеді?

Мен бірнеше рет өз тәжірибемнен көзім жетті, егер біз әдістерді, дағдыларды, тәрбиелік іс-әрекеттерді қалыптастыруға жеткілікті көңіл бөлетін болсақ, бірақ өз мысалымызбен емес, ішкі мотивтер негізінде белгілі бір іс-әрекетке қосу арқылы, ерте ме, кеш пе, балалардың көпшілігі осындай жұмыстың талғамына енеді. Және бұл түсінікті, өйткені олар табысты болады. Бұл ретте олардың қызығушылықтары биологияға шоғырлануы міндетті емес.

Қорытындылай келе, биология пәнінде проблемалық әдістерді қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың зерттеушілік, сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Оқушылар биологиялық құбылыстарды тереңірек түсініп, оларды өмірде қолдануға дайын болады. Проблемалық оқыту әдісі – білім беру сапасын арттырудың және оқушылардың белсенділігін ынталандырудың тиімді құралы.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



*Әбіләмитов Арнат Оразбайұлы
Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы
Жаңақорған аудандық оқушылар үйі
Инклюзив live үйірме жетекшісі*

Инклюзив-сөзі латын тілінен аударғанда-”өзімді қосқанда” ал, ағылшын тілінен аударғанда” араластырамын” деген мағынаны білдіреді. Инклюзивті оқыту- барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті оқыту- оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті оқыту- адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім берудің мақсаты: ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қалыпты балалармен бірге оқыту. Яғни адамның жынысына, дініне, шығу тегіне, әлеуметтік жағдайы мен физиологиялық жағдайына қарамастан тең құқылы жеке тұлға ретінде білім беру жүйесі болып табылады.

Инклюзивті білім беру барысы- қазіргі таңда жалпы білім беретін сыныптардағы ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар мен арнайы сыныптар, арнайы білім беру орындары, арнайы мектепке дейінгі білім беру орындарының оқу әрекетіне енгізіліп отыр.

Жалпы орта білім беретін мектептерде үлгерімі төмен оқушылардың 50% психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балалар және аутизм, жүйке жүйесі бұзылған, ақыл ой белсенділігі төмен балалар құрайды. Психикалық даму тежелісі (ПДТ) дегеніміз ғылымда психика дамуының уақытша артта қалуы деп түсіндіріледі.

Мұдай балалар мектепте және үй жағдайында ерекше қадағалауды қажет етеді. Бұл балалармен жұмыс істеу арнайы біліммен қатар бұл балалармен жұмыс істеудің нақты жолдарын білуді, оларды танып білумен қатар, оларға арнайы түзеу жұмыстарын ұйымдастырып, мұғалімге және ата-анаға бағыт-бағдар бере білу керек.

Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері- жалпы орта мектептерде мүмкіндігі шектеулі, ерекше білімді қажет ететін балаларды дені сау балалармен бірге оқыту;

-барлық балаға бірдей қарым-қатынас;

Балалар арасында дискриминация болдырмау;

-арнайы білім беруді қажет ететін балаларға арнайы жағдай жасау

Инклюзивті білім беру жүйесінің мақсаты:

-Балаларды психологиялық-дәрігерлік-педагогикалық қолдау

-Қоғамның көзқарасын өзгерту

-Өз қатарластарымен тіл табыса білуге үйрету

-Толық білім алуды ұйымдастыру

-Қоршаған ортаға бейімдеу

-Дені сау балалармен тең дәрежеде ұстау

-Өз өзіне сенімін арттыру

-Кедергісіз аймақ

Алғашында арнайы мамандар жеткіліксіз болып, жаңа білімнің қыр-сырын ұғыну, түсіну қиын болғанымен, қазіргі таңда арнайы мамандар-логопед, дефектолог, олигофренопедагог, әлеуметтік педагог, психолог мамандар қайта даярлаудан өтіп, сонымен бірге пән мұғалімдері қайта даярлау курстарынан өтіп

инклюзивтік білім беру бойынша жұмыстанып келеді. Қазіргі таңда әр маман өз жұмысының қыр-сырын біледі, жұмыстана алады деп үлкен сеніммен айта аламын.

Түзете-дамыта оқытудың мақсаты:

Балаларды оқып, жазып, санап үйрету

оқу іс-әрекетінің негізгі біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру, сөйлеу және жүріс-тұрыс мәдениетін дамыту, жеке гигиена мен салауатты өмір негіздерін үйрету;

- тиімді әдіс-тәсілдерде қолдана отырып, оқушылардың психологиялық сауығыуына ықпал ету, жеке тұлға қызығушылығын арттыру және оның дамуындағы әртүрлі қиыншылықтарды түзеу;

- балалардың танымы мен белсенділігін, зияткерлік қабілеттерін, өз бетімен білім алу дағдыларына жағдай жасау;

- ата-аналармен, мұғалімдермен, әлеуметтік жұмыскерлермен байланыс жасау;

- мүмкіндігі шектеулі оқушылардың қазіргі экономикалық жағдайында өз орнын таба алуына жағдай жасау.

Түзете –дамыта оқытудың міндеттері:

Оқушының психикалық, тұлғалық дамуындағы ауытқуды болдырмау,

-жеке тұлға қалыптастыру, оқу дағдысы мен біліктілігін дамыту;

-педагогикалық тұрғыдан қараусыз қалған балаларға коррекциялық түзету сабақтарын, танымдық өрісінің дамуына бағытталған жеке сабақтар жүргізу;

ППМК-мамандарымен, дефектолог, логопед, психолог, әлеуметтік педагог мамандармен бірлесе отырып жұмыстану арқылы түзеу жұмыстарын тиімді ұйымдастыру;

жеке, топтық сабақтар нысанында түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу;

отбасы жағдайында даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналарға (немесе оларды аустыратын тұлғаларға) ақыл-кеңестер беру, оқыту;

оқушының психикалық дамуында кездесетін сәтсіздіктердің алдын алу, диагностика бойынша алдын-ала болжау;

сөйлеу, интеллект, көру, есту және есте сақтау қабілеті, тірек қозғалыстары аппараты, эмоциялық еріктік саласы бұзылған, оқуда немесе қарым-қатынас жасауда, мінез-құлқында қиыншылықтары бар балалар мен жасөспірімдерді психологиялық-педагогикалық түзеу және оңалту түрінде кешенді психологиялық-педагогикалық көмек көрсету.

• Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақ қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында”- деп бекерге айтылмаған сыңайлы. Олай болса қазірге таңда білім саласындағы әр ұстаздың мойнына артылған жүк ауыр. Ұстаз бір ғана шәкірттің білімі мен тәлім-тәрбиесіне ғана жауапты болып қана қоймай, елдің ертеңін, болашағын өз мойнына алардай жауапкершілік танытуы тиіс.

• Жас та берілген тәрбие, жас қайыңды игендей”, - дейді, олай болса құрметті әріптестер” теңізге” тамшыдай тамып, жәрдеміміз тиіп жатса, біз ешнәрседен аянбай қиын да, қызыққа толы ұстаздық жолда ерінбей еңбек етіп, еңбегіміздің жемісін көре білуіміз керек.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕ ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ ПӘНІНІҢ МАҢЫЗЫ



*Темірханова Меруерт Мукатаевна
Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, Жалғызқарағай ауылы
Кирдищев атындағы жалпы білім беретін мектеп
Бастауыш сынып мұғалімі*

Қазіргі таңда әсіресе, көп көңіл бөлінетін мәселе — адамгершілік тәрбиені күшейту болып табылады. Әдебиеттік оқу пәнінің негізгі мақсаты — дұрыс, мәнерлеп және шапшаң оқуды меңгерту, оқушыны шығарма авторының көзқарасын түсінуге жетелеу және мәтінді қабылдаушы оқырман ретінде тәрбиелеу, көркем-шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамыту, сөз өнеріне деген қызығушылығы мен эстетикалық сөйлеу әрекетінің барлық түрін жетілдіру, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық пен рухани-адамгершілік тәрбие беру. Әдебиеттік оқу пәні бойынша балаларға берер тәрбиеміз ерекше.

Адам баласының алдында қай заманда болса да ең алдыңғы орында салауатты саналы ұрпақ тәрбиелеу міндеті тұрады. Ал ұрпақтың тәрбиесінде басты рөлді отбасы мен мектеп атқарады. «Адам баласына білімнен бұрын ең бірінші тәрбие берілу керек. Тәрбиесіз берілген білім келешекте адам өміріне үлкен қауіп әкеледі деген ұлы шығыс ғалымы әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл Фарабидің сөзі тәрбиенің маңызды екенін айқындайды.

Тәрбие — жас ұрпақтың бойына ғасырлар бойы жинақталған озық тәжірибе мен ізгі қасиеттерді жас ұрпақтың бойына сіңіру үшін және олардың қоғаммен қарым-қатынасын, өмірге көзқарасын және соған сай мінез — құлықты қалыптастыру құралы. Тәрбиенің негізгі өлшемі — өмір сүруге қажетті тұлғаның жағымды қасиеттерін дамыту болып табылады. Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Шалқыма Хайроллақызының «Педагогика» оқулығында тәрбие ұғымына «Тәрбие — қоғамдағы тарихи әлеуметтік-экономикалық жағдайлардан туындайтын объективтік үдеріс деп анықтама берсе», Бабаев Сәбит және Қожағелдиева Сәуле Педагогика оқулығында «Тәрбиені баланың мінез — құлық әдеттері мен қоғамның педагогикалық талаптарына сай әрекеттерді қалыптастыруға бағытталған процес» деп көрсеткен .

Қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаев «Жалпы педагогика» еңбегінде «Тәрбие, кең мағынасымен алғанда, қандайда болса бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз. Ал енді, адамзат туралы айтылғанда, адамның баласын кәміл жасқа толып, өзінеөзі қожа болған ша тиісті азық беріп, өсіру деген мағынада жүргізіледі».-дейді. Адамның денесі дене және жаннан тұрады, жер бетінде басқа тіршілік иелерімен салыстырғанда адам өте әлсіз боп туады. Малдың төлі туа сала аяққа тұрып кетсе, балапан жұмыртқадан жарып шыға сала жүгіріп кетеді ал адам іңгөлап туылған әлсіз бір кесек ет екенін сондықтан адамның денесіне, жанына азық беру керектігін «Бала істеген жауыздықтың жазасын тәрбиеші көтерсін» деген Иран мәтелінде тәрбиешінің жауапкершілігін алға тартады .

Халқымыз баланы қалай тәрбиелесең солай өседі деп баланы иілгіш жас шыбыққа теңейді. Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің Бақша ағаштары әңгімесінде «Балам сен жас шыбық секілдісің саған да күтім, дұрыс тәрбие керек. Егер дұрыс тәрбие алсаң түзу ағаш сияқты сен де түзу өсесің, өз бетіңмен кететін болсаң мына ағаш сияқты қисық өсесің" деген әкенің балаға көрсеткен мысалы тәрбиенің отбасында қалыптасатынын және бала болашағына үлкен әсері бар екенінің дәлелі. Адамгершілік тәрбиенің алғашқы баспалдағы отбасынан басталады. Дүниеге келген сәби ең алғашқы өмір жолымен отбасында танысады, моральдық нормаларды игереді. Бала тәрбиесіндегі басты тұлға ата — ана екенін екенін ескерсек, бала тәрбиелеу үлкен дайындықты қажет етеді. Ал ұрпақ тәрбиесіне немқұрайлы қарауды Константин Дмитриевич Ушинский «педагогикадағы надандық" — деп санаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан өз-өзіне сенімділік, қайырымдылық, еңбекқорлық, батылдық, мейірімділік сияқты құнды қасиеттердің дәнін егуде отбасы мен педагогтардың ықпалы орасан зор .

Адамның адамгершілігі — ең жоғарғы қасиеті. Адамгершіліктің негізгі белгілеріне өзі үшін ғана емес, қоғам үшін өмір сүру, әрқашан қолынан келгенше жақсылық жасау жатады. Отансүйгіштік, мейірімділік, адалдық, еңбекқорлық, әділдік сияқты асыл қасиеттердің жас ұрпақтың бойынан табылуына ықпал ету — ата-ана мен ұстаздардың парызы. Сонымен қатар әрбір ата — ана мен ұстаз балалардың жас мүмкіндіктерін және психо-физиологиялық ерекшеліктерін ескеру керек.

Әрбір адамның рухани әлемі жеке және қайталанбайды, әрі ұдайы дамып отырады. Ол адамның мінез-құлығынан, іс-әрекетінен және құндылық қасиеттері жүйесінен көрінеді. Адам қабылдайтын рухани құндылықтар жоғалып кетпейді, олар адамның рухани әлемін байытып отырады. Тәрбиенің негізгі мақсаты — дені сау, білімді, ұлттық сана сезімі ояңған, парасатты, мәдениетті, еңбекқор, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу болып табылады. Оқушының тұлға болып қалыптасуына білім беру жүйесі айтарлықтай маңызды рөл атқарады. Әр оқушының адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудағы педагогикалық жұмыстың мәні оның бойындағы рухани қасиеттерін ашуға және өзін-өзі тәрбиелеуге көмектесу болып табылады. Қазіргі таңда оқушыларды әсіресе бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу өзекті мәселе. Еліміздің болашағы бүгінгі жас ұрпақтың тәрбиесіне байланысты екені белгілі. Сондықтан ұстаздың алдындағы міндет — оқушының ұлттық сана сезімін тәрбиелеп қана қоймай, оның бойына адамгершілік және рухани тәрбиені сіңіру болып табылады.

Болашақ ұстаздардың кәсіби білімдері мен тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға В. А. Слостенин, Н. Д. Хмель, В. А. Кан-Калик мәдениеті мен педагогикалық іскерліктерін жетілдіруге Т. В. Шуртакова, Л. Н. Акимова, Ұ.Ш.Ибрагимов, мамандарды кәсіби даярлау мәселелеріне О. А. Абдуллина, Н. Ф. Талызина, Ш. А. Амонашвили сияқты педагог ғалымдар өздерінің ғылыми еңбектерін арнаса, А.Калужный, Л. И. Илларионова, Н. Н. Тригубова, А.Р.Қалыбеков т. б. ғалымдар өз еңбектерін оқушылардың адамгершілік тәрбиесі мен эстетикалық іс-әрекеттерін ұйымдастыруға арнаған. Баланы жастайынан «табиғат сезіміне» тәрбиелеу туралы айта отырып, оның адамгершілік, эстетикалық дамуындағы табиғаттың мән-маңызын ашты.

Әдебиеттік оқу пәні бойынша балаларға берер тәрбиеміз ерекше. Бұл пәнді оқыту барысында дидактикалық міндеттерге тоқталсақ: — жалпы оқу дағдысымен машығын қалыптастыру; — оқушылардың айналадағы дүние (адам, табиғат, қоғам) туралы түсініктерін байыту; — оқушыларға идеялық, мінез-құлықтық тәрбие беру; — оқушылардың логикалық ойлауын дамыту. Әдебиет — жан дүниені, он екі мүшені, алпыс екі тамырды түгел жайлап, еш уақытта да көзге көрінбеген сезім қылдары арқылы ақыл иесі — адамды өз ырқына жетелейтін қасиетті дүние дейді Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері Қанипа Бітібаева «Әдебиеттік оқыту әдістемесі» еңбегінде.

Әдебиеттік оқу сабағы — оқушының жан дүниесін, адамгершілік қасиетін, ойлау, сөйлеу, шығармашылық әрекетін дамытып, жеке тұлғаның жан-жақты қалыптасуында ерекше орын алатын пән. Әдебиетті ұлағатты адамдар «адамтану құралы» десе, әдістемелік тұрғыда зерттеуші- ғалымдар әдебиет пәнін «адам тәрбиелеу құралы» деп жатады. Әлбетте бір пікірден бір пікір өз үндесін тауып жатқандай. Үндес пікірлердің түйіні — әдебиет пәні жеке тұлғаның рухани әлемін, оның адамгершілігін, ойлауын, көңіл-күй сезімін, тілін, шығармашылық әрекет бастауларын қалыптастыруда ерекше орын алады. Әрине, бала тілі оқу, әңгімелеу, пікірлесу арқылы дамиды. Ой дамыса ізденеді, сөйлеседі, біреуге әңгімелейді, пікір алмасады.

Бүгінгі таңда мұғалімнің ең басты міндеті де дайын білімді, дағдыларды меңгертіп, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, бір тума ойлау қабілетімен ерекшеленетін, рухани бай, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Еліміздің тәуелсіз мемлекет болғаннан бері әрбір мектептің алдында оқу-тәрбие жұмыстарын ұлттық тәрбиеге лайықтап жүргізу міндеті тұрды.

Өзінің бүкіл өмірін халықтың көзін ашып, көкірегін оятуға арнаған Ыбырай Алтынсарин шығармалары жастарды әсемдікке, адамгершілікке, табиғатты аялай білуге баулиды, сұлу табиғатты қоршаған ортаны бақылай біліп, оның сырын меңгерген адамның кез-келген қиындықты жеңетінін көрсетеді. Бұл орайда Ыбырайдың балаларға арнаған «Бір уыс мақта», "Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Таза бұлақ" шығармаларын ерекше атап айтуға болады.«Таза бұлақ" шығармасының да, балаларға үйретер өнегесі, берер тағылымы мол. Үш жолаушы жүріп келе жатып, суы салқын, әдемі, таза бұлақ басында кездесіп қалып, бұлақ қасындағы тасқа ойылып жазылған «Ей, жолаушы, болсаң, осы бұлақтай бол» деген сөйлем арқылы оқушыға ой салады.

Бастауыш сынып оқушыларының мәтіндік іс-әрекет барысында дамытылатын коммуникативті-сөйлеу іскерліктері әлеуметтік функцияны атқаратыны алып келеді, ол адамның социумда толыққанды қызметін қамтамасыз етеді. Басқа халықтар сияқты қазақ елінің де ұрпақ тәрбиелеуде мол тәжірибесі, жиған-тергені, озық ойлары мен өзіндік ерекшеліктері бар.

ПМПК-ДА ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРДЫ СУРДОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕКСЕРУ



*Палмахова Сандугаш Ералиевна
Кызылорда қаласы
Психолого-медико-педагогическая консультация
Сурдопедагог маманы*

Есту қабілеті бұзылған балалар айналасындағылармен қарым-қатынас жасау үшін және оқуда табысты болу үшін міндетті түрде үнемі есту аппаратын пайдаланулары керек. Олар сурдопедагогпен және логопедпен арнайы жүйелі түзету жұмысына мұқтаж. Сурдопедагогикалық және логопедтік бірлескен ықпал оқыту тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сурдопедагог пен логопед баланың материалды барынша толық меңгеруін қамтамасыз ете отырып, сабақтарда лексикалық, грамматикалық тақырыптарды бірге жоспарлайды және іске асырады.

Сурдопедагогикалық аспект – педагогикалық әдістерді қолдана отырып, баланың есту қабілетін тікелей тексеру.

Баланың жасына байланысты есту қабілетін педагогикалық тексерудің келесі міндеттері бөлінеді:

- диагнозды нақтылау - есту қабілетінің бұзылуын растау, есту жүйесінің зақымдану дәрежесін анықтау, медициналық-педагогикалық сараптама мәліметтерінің арақатынасы;
- есту қабілетін түзетудің медициналық-техникалық (есту протездері/ кохлеарлық имплантация) тиімділігін бағалау;
- құлақпен сөйлеуді қабылдаудың даму деңгейін зерттеу.

Емтихан тапсыру кезінде баланың дыбыстарға тек қалдық есту қабілетінің көмегімен жауап беруіне жағдай жасау маңызды.

Алынған мәліметтер міндетті түрде есту қабілетін медициналық тексерудің мәліметтерімен сәйкес келеді.

Тексеру оң және сол құлақтарда кезекпен, қажет болған жағдайда екі құлақта бірге жүргізіледі.

Есту қабілетін түзетудің медициналық-техникалық (есту протездері/ кохлеарлық имплантация) тиімділігін талдау және сөйлеуді есту қабылдауының даму деңгейін зерттеу кезінде бала есту аппараттарын/кохлеарлық импланттарды қолданады. Сурдопедагог есту аппараттарын (кохлеарлық имплант) баптаудың барабарлығын, баланың есту қабілетін, сөйлеуді естудің даму деңгейін анықтайды. есту қабілетін дамыту бойынша одан әрі жұмыстың тиімділігінің анықтамалық нүктесі ретінде.

Тексеру екі құлаққа бірге, қажет болған жағдайда оң және сол құлақтарға кезекпен жүргізіледі.

Баланың жасына және оның даму деңгейіне байланысты келесі әдістер қолданылады: дыбысқа шартты рефлекторлық (шартты-моторлы) реакция негізінде естуді бағалау, сөйлеу арқылы естуді зерттеу.

1,5-2 жас аралығындағы балалардың есту қабілетін педагогикалық зерттеу үшін дыбысқа шартты-рефлекторлық (шартты-моторлы) реакцияның дамуына негізделген есту қабілетін бағалау қолданылады.

Тексеру үшін сөйлемейтін дыбыстық тітіркендіргіштер қолданылады (калибрленген музыкалық ойыншықтар (барабан – 500-5000 Гц, аккордеон – 2000 Гц, ысқырық – 2500 Гц, құбыр – 3000 Гц, бөшке – 4000 Гц, сылдырмақ – 5000 Гц) және сөйлеу (буын – ту және буын тіркестері – папапа, күшік, пипипи).

Сөйлеу арқылы естуді зерттеу арнайы әзірленген сөздер тізімі бойынша жүргізіледі. Мектеп жасына дейінгі балаларды тексеру үшін Л.В. балалар кестелері қолданылады.

Бастауыш мектеп жасына арналған - И.Я. Темкинаның кестелері және Э.И. Леонхард таңдаған орыс тіліндегі фонетикалық теңдестірілген 50 сөз. Орта және жоғары мектеп жасындағы балалардың есту қабілетін тексеру үшін сөйлеу кестелері Н.Б. Покровский, сөз тіркестерінің кестелері Е.В. Миронова.

Алынған мәліметтер хаттамаға келесі схема бойынша енгізіледі:

1. Бақылау сөздерін есту арқылы қабылдау:

Сөз танылды - ондағы барлық дыбыстар танылады және дұрыс ретпен аталады (мектеп - мектеп);

Сөз үлгіге жақын қабылданады – басқа сөз аталады, оның көмегімен ырғақты өрнек пен дыбыстардың бір бөлігі (қыз – атасы) үлгіге сәйкес келеді немесе сөздің бір бөлігі (терезе - ол) жаңғыртылады.

Сөз қабылданбайды, егер дыбыстық құрамы бойынша үлгіден күрт ерекшеленетін басқа сөз аталса, жауап қате деп танылады (доп - машина).

2. Сөз тіркестерін есту арқылы қабылдау

Сөз тіркесі танылды – оның барлық сөздері дұрыс ретпен танылады және аталады (Сыртта жаңбыр жауады – Сыртта жаңбыр жауады);

Сөз тіркесі үлгіге жақын көшіріледі - сөздердің бір бөлігі дұрыс танылады, бір бөлігі өзгертіледі (Сыртта жаңбыр жауады – Ағасы сыртта жүреді).

Сөз тіркесі танылмады – сөздердің көпшілігі ұсынылған үлгіге сәйкес келмейді (Сыртта жаңбыр жауады - Көлік сыртта жүреді).

Есту аппаратының жұмыс режимі оңтайлы болып саналады, егер бала дауыстың дыбысын кем дегенде 1,5–2 м қашықтықта сезсе; ономотопеяны, кем дегенде 1 м қашықтықта ұрысатын және толық сөздерді ажыратады немесе қабылдайды; ыңғайсыздықты сезінбейді (И.И. Митюшкина).

Осылайша, ПМПК-да сурдопедагог жүзеге асыратын есту қабілетін педагогикалық зерттеудің міндеті есту қабілетінің бұзылуын анықтау немесе медициналық диагнозды нақтылау үшін есту функциясының жай-күйін бағалау болып табылады., білім беру бағытын анықтау және осындай баланың арнайы білім беру жағдайларын нақтылау мақсатында сөйлеуді есту қабылдауының даму деңгейін зерттеу.

Саңырау – есту қабілетінің бұзылуы сөзді табиғи түрде қабылдауға және оны өз бетінше меңгеруге мүмкіндік бермейтін балалар. Сөйлеу жағдайына қарай екі санатты бөліп қарастыруға болады: сөйлей алмайтын балалар – ерте керең болған, есту қабілеті бұзылып туған немесе сөйлеу дамуы басталғанға дейін есту қабілетін жоғалтқан; сөйлей алатын балалар – кейіннен керең болған, сөйлеуі қалыптасқан кезде есту қабілетін жоғалтқан. Әлсіз еститіндер – есту қабілеттері ішнара бұзылған балалар, аз деңгейде болса да өзіндік сөйлеуі дамыған. Олардың есту жағдайы әртүрлі: қабылдаудың аздаған бұзушылығы мен сыбырлап сөйлегенді түсінуден бастап, қабылдаудың бірден шектелуі мен қатты сөйлеген сөзді түсінуге дейін.

Әлсіз еститін балалардың санаттары:

— сөйлеу қабілеті жетілмеуінің ауыр түрі (жекелеген сөздер, қысқа, дұрыс құрылмаған фразалар, сөздің лексикалық, грамматикалық, фонетикалық құрылымындағы дөрекі бұзылыстар);

— сөйлеу қабілеті жетілмеуінің жеңіл түрі (грамматикалық құрылымдағы, фонетикалық сипаттағы аздаған ауытқушылықтары бар толық тіркесті сөздерді меңгерген).

Есту қабілеті бұзылған оқушының психикалық дамуы сыртқы ықпал мен қоршаған әлеммен байланыстың ерекше шектелген жағдайларында өтеді. Осының нәтижесінде оның психикалық әрекеті оңайлатылады, сыртқы ықпалға реакциясы онша күрделі емес және сан алуан бола бастайды. Есту қабілетінің бұзылуы танымдық және тұлғалық аясы дамуының ерекшеліктеріне алып келеді.

Бұл ретте сурдопедагогтың іс — әрекеті баланың қалыпты дамуы үшін, оның ішінде сөйлеуі үшін жағымды жағдай жасауға, есту қабілетінің зақымдалуынан (екіншілік кемістік) және қосымша бұзылулардан туындаған психикалық функциялар мен моториканың бұзылуын түзетуге бағытталған.

Түзету — дамыту жұмысының бағдарлама мазмұны баланың әртүрлі дағдыларының даму деңгейіне және олардың жас нормаларымен сәйкес келуіне қарай құрылады (жалпы және ұсақ моторика, есту қабілеті, сөйлеу алдындағы қарым — қатынас дағдылары, танымдық процестер — қабылдау, зейін, есте сақтау, танымдық қызығушылық, объектілермен іс — әрекеттің сипаты, ойын іс — әрекетінің ерекшеліктері, әлеуметтік дағдылар мен өзіне—өзі қызмет көрсету дағдылары, сөйлеуді түсіну, вокализация/ауызша сөйлеу). Педагог сонымен қатар ана мен баланың өзара әрекеттесуінің тиімділігін бағалайды.

Егер маман түзете — дамыту жұмысында өзіндік ерекшеліктері бар әр түрлі жұмыс түрлерін пайдаланса, ерте жастағы есту қабілеті зақымдалған балаға сурдопедагогикалық көмек барынша тиімді болады.

1) отбасы мүшелеріне кеңес беру;

2) ата — аналарының қатысуымен баламен жеке сабақтар;

3) бірнеше балалармен және олардың ата—аналармен бірлескен топтық сабақтар;

4) балалар мен ата—аналардың қатысуымен мерекелік іс-шаралар өткізу;

5) ата — аналарға арналған семинарлар.

Отбасы мүшелеріне кеңес беру. Кеңес беру кезінде сурдопедагог ата—аналарды балаларын тәрбиелеу, олармен қарым—қатынас жасау, дамыту, оқыту мәселелері бойынша ақпараттандырады. Сонымен қатар, баланың есту мүшесін протездеу проблемаларын талқылайды, есту аппараттарын күту тәсілдерін көрсетеді, сұрақтарға жауап береді.

Жеке түзету сабақтарында сурдопедагог баланың есту, сөйлеу, қарым—қатынас және басқа да дағдыларын мақсатты түрде дамыта отырып, есту аппаратындағы дыбыстарға баланың реакциясын бағалайды, маман ата—аналармен балада есту аппаратын тағу кезінде туындайтын қиыншылықтарды бірге талқылайды. Бірлескен ойындар кезінде баланың есту және басқа да дағдыларын дамыту тәсілдерін, баламен қалай дұрыс қарым — қатынас жасау керектігін үйретеді. Ата — аналарға баланың есту аппаратындағы есту қабілетін көрсетеді.

Топтық сабақтар ең алдымен балалардың қозғалыс және қарым-қатынас дағдыларын, қабылдауын, еліктеу қабілеттерін дамытуға бағытталған. Топтық сабақтарда музыкалық—ырғақты ойындарды жиі қолдануға болады. Ойын барысында балалар ересектермен бірге әуен ырғағы бойынша қозғалады. Бұл балалардың есту қабілетін дамытуға, ырғақты қабылдай білуге, қозғалыс жадына, дауыстық белсенділікті ынталандыруға қолайлы жағдай жасайды. Топтық сабақтар барысында ата — аналар өздерін еркін сезінуге, бір — бірімен қарым-қатынас жасай алуға, балалармен уақытты көңілді өткізуге дағдыланады. Топтық сабақтарға тек есту қабілеті зақымдалған балалар ғана емес, сонымен бірге қалыпты еститін балалар да қосыла алады. Бір жастан асқан балалармен сабақтарды белгілі бір лексикалық тақырыптарға сәйкес ұйымдастыруға болады. Мысалы: «отбасы», «дене мүшелері», «ойыншық», «киім», «аяқ киім», «тамақ», «жануарлар», «жемістер», «көкөністер», «көліктер» және т. б.

Ата-аналардың қатысуымен мерекелік іс-шаралар өткізу. Белгілі – бір мерекелік іс-шараларға қатысу барысында, ата-аналар балаларымен бірлесе отырып, дайындалады, баласына көмек береді. Мерекелік іс-шаралар барлық қатысушыларды жақындастырады. Мерекелік іс-шара кезіндегі бейресми жағдай есту қабілеті зақымдалған балалардың өмірлік тәжірибесін кеңейтеді, жағымды эмоциялар туғызады, жаңа жетістікке жетелейді.

Ата-аналарға арналған семинарлар. Семинарлар кезінде сурдопедагог ата — аналарға есту аппаратын пайдалануға байланысты әртүрлі теориялық және практикалық мәселелер туралы ақпараттандырады, есту қабілеті зақымдалған баланы тәрбиелеу, дамыту және оқыту мәселелерін талқылайды, ата — аналар арасында қарым—қатынас орнатуға және тәжірибе алмасуға көмектеседі, ата-аналарға психологиялық қолдау көрсетеді. Сурдопедагогтың ата — аналарға алдын — ала үлестірме материалдарын дайындауы өте маңызды, олар үйде баланың қарым—қатынасы мен тәрбиесіне көмектеседі.

Мұндай балалармен жұмыс кезінде педагог олардың танымдық және тұлғалық аясына тән ерекшеліктерді білуі және есепке алуы керек.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАУ – БАЛАБАҚШАДАҒЫ ТӘРБИЕ НЕГІЗІ



Степанова Анна Витальевна
Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Матай ауылы
«Кәусар» бөбекжай балабақшасы
Бейнелеу өнері жетекшісі

Қазақ халқының ұлттық өнері мен мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі – ою-өрнек. Бұл дәстүрлі сәндік өнер түрі көптеген ғасырлар бойы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде, киім-кешек, тұрмыстық заттар, киіз үй, ас-бас, әшекейлерде көрініс тапты. Ою-өрнек тек сәндік әшекей ғана емес, ол – мәдениеттің, дүниетанымның, тарихтың және ұлттық құндылықтардың айқын көрінісі. Мектепке дейінгі ұйымдар мен балалар тәрбиесінде ою-өрнекке ерекше мән беру, оны сән ретінде пайдалану, өскелең ұрпақтың мәдени мұраны сақтап, құрметтеуге деген сүйіспеншілігін қалыптастырады. Ою-өрнек арқылы қазақ халқы өзінің тұрмыс-тіршілігін, табиғатқа деген көзқарасын, дүниетанымын білдіріп келеді. Балабақшада балаларға ою-өрнектің қолдану тәсілдерін түсіндіру – ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілікті тәрбиелеудің маңызды қадамы болып табылады.

Ою-өрнек – бұл декоративті-сәндік өнердің түрі, әшекейлеу және безендіру мақсатында қолданылатын суреттер, сызықтар мен тұтастай өрнектердің жиынтығы. Қазақ халқының ою-өрнектері табиғат пен тіршілікке деген терең сыйластықты, ұлттық дүниетаным мен сенімдерді бейнелейді. Ою-өрнектер көбінесе тұрмыстық заттар мен киімдерде, кілемдер мен төсеніштерде, тіпті қолөнер бұйымдарында да кездеседі.

Ою-өрнектердің түрлері өте көп, мысалы, «қошқар мүйіз», «құс қанаты», «түйетабан», «шешек» тәрізді өрнектердің әрқайсысының өзіндік мағынасы мен тарихы бар. Бұл өрнектер табиғат құбылыстарынан, жануарлар мен өсімдіктерден, тіпті адам өмірінің түрлі кезеңдерінен шабыт алумен жасалған.

Балабақша – баланың алғашқы білім ала алатын орны, мұнда олар болашаққа бағыттталып, өмірге бейімделеді. Ұлттық құндылықтарды балалардың санасына сіңіру, олардың бойында ұлттық рухты қалыптастыру – педагогтардың басты міндеті. Ою-өрнек арқылы баланы қазақ халқының өнеріне, дәстүріне қызықтырып, оларға осы өнердің маңызын түсіндіру өте маңызды.

Балаларға ою-өрнектің қолдану тәсілдерін үйрету – олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, қолдың ұсақ моторикасын жетілдіруге, кеңістіктік ойлауын қалыптастыруға көмектеседі. Сонымен қатар, бұл жұмыстар балалардың эстетикалық талғамын арттырып, көркемдік дағдыларын дамытады.

Ою-өрнектерді балабақшада қолдану тәсілдері

1. Ою-өрнектерді бейнелеу

Балабақшада балаларға ою-өрнектердің негізін түсіндіру үшін, алдымен ою-өрнектердің негізгі түрлерін көрсетіп, олардың қандай мағына беретінін айтып беру қажет. Балалар қарапайым ою-өрнектерді қағазға салып, түрлі түсті бояулармен бояп, өз қолдарымен шығармашылық жұмыстар жасай алады. Бұл әдіс балалардың эстетикалық сезімін дамытып, ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігін арттырады.

2. Ою-өрнекпен безендіру

Балалар ою-өрнектерді тек қағаз бетіне ғана емес, түрлі заттар мен мата беттеріне де салуды үйренуі мүмкін. Мысалы, балаларға ою-өрнектерді матаға салып, оларды киімдер мен сөмкелерде қолдану туралы түсінік беру. Бұл жұмыстар олардың қолөнеріне қызығушылығын арттырып, шығармашылық ойлауын дамытады.

3. Ою-өрнектердің құрылымы мен түрлерін зерттеу

Балабақшада ою-өрнектердің әр түрлі түрлерін балалармен бірге зерттеу өте тиімді. Олардың символикалық мәнін түсіндіру арқылы балаларға қазақ халқының дәстүрлері мен мәдениетін тереңірек таныстыруға болады. Мысалы, «қошқар мүйіз» оюының мағынасын айтып, оны қалай қолдануға болатынын көрсету балалардың қызығушылығын оятады.

4. Ою-өрнектерді табиғатпен байланыстыру

Ою-өрнектердің көпшілігі табиғаттан алынған. Сондықтан балаларға табиғатта кездесетін өсімдіктер мен жануарлардың бейнелерін, мысалы, гүлдер, жапырақтар, құстар және басқа да табиғи элементтерді ою-өрнектерде қалай бейнелейтінін көрсету өте қызықты болады. Бұл балаларға табиғатпен үйлесімділікті және оны құрметтеуді үйретеді.

5. Әңгімелер мен ертегілер арқылы түсіндіру

Ою-өрнектерді сән ретінде таныстыру барысында балабақша тәрбиешілері балаларға ою-өрнектердің шығу тарихын, олардың мағынасын айтып беретін әңгімелер мен ертегілерді қолдануы мүмкін. Мұндай әдіс балалардың есте сақтау қабілеттерін дамытып, ою-өрнекке деген қызығушылықты арттырады.

Балабақша – баланың болашағын қалыптастыратын маңызды кезең. Бұл жерде бала ең алғашқы білім мен тәрбиенің дәмін татып, қоғамдағы өзіндік орнын табуға үйренеді. Сондықтан осы кезеңде ұлттық құндылықтарды бала санасына сіңіру – әрбір тәрбиешінің қасиетті борышы.

Ұлттық құндылықтар – ата-бабамыздың ғасырлар бойы жинақтаған рухани байлығы, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрінің іргетасы. Балабақшада бұл құндылықтарды насихаттау – балаларға ата-тегін, ұлттық ерекшеліктерін түсіндіріп, ұлттық мақтаныш сезімін оятуға бағытталған.

Балабақшада ұлттық құндылықтарды насихаттаудың маңызы

1. Тарих пен мәдениетке құрмет қалыптастыру

Балаларға қазақтың салт-дәстүрлерін, батырлар мен билердің ерліктерін, ұлттық мерекелердің мән-мағынасын үйрету арқылы тарихымызды құрметтеуге баулимыз.

2. Тілдің маңыздылығын ұғындыру

Мемлекеттік тілді баланың күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналдыру – ұлттық тәрбие берудің негізгі шарттарының бірі. Балаға туған тілінде тақпақ жаттатып, ән айтқызып, ертегілер оқыту арқылы тілге деген сүйіспеншілік қалыптастырамыз.

3. Дәстүр мен өнерді насихаттау

Ұлттық киімдер кию, ою-өрнектерді тану, күй тыңдау, айтыс өнерімен танысу – баланың эстетикалық танымын кеңейтетін маңызды құралдар.

Ұлттық құндылықтарды насихаттаудағы тәсілдер

- Ойын арқылы тәрбие

Балаларға «Қыз қуу», «Асық ату», «Тоғызқұмалақ» сынды ұлттық ойындарды ойнату олардың қазақ халқының өмір салтымен жақын танысуына көмектеседі.

- Тәрбие сағаттары мен ертеңгіліктер

Наурыз мерекесін атап өту, қазақ ертегілері мен батырлар жырын сахналау – ұлттық құндылықтарды балаларға жеткізудің әсерлі жолы.

- Қолөнер үйрету

Баланы кесте тігу, ою-өрнек салу, киіз үйдің құрылымын түсіндіру сияқты дәстүрлі қолөнермен таныстыру ұлттық мәдениетті тануға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, ұлттық құндылықтарды насихаттау – тек білім беру ғана емес, болашаққа бағыт-бағдар беру. Өзінің кім екенін түсініп өскен бала ғана отбасын, Отанын құрметтейтін азамат болып қалыптасады. Сондықтан біз, тәрбиешілер, балалардың бойына ұлттық рух пен сүйіспеншілікті сіңіру арқылы ел болашағына өз үлесімізді қосып жатырмыз деп санаймыз.

Ұлттық құндылықтарды сақтап, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізу – қазақ халқының тарихындағы маңызды міндеттердің бірі. Балабақшада балаларға ою-өрнектің қолдану тәсілдерін үйрету, оларға ұлттық мәдениеттің терең мағынасы мен сұлулығын түсіндіру арқылы оларды нағыз патриот етіп тәрбиелеуге болады. Бұл жұмыс балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ұлттық өнер мен мәдениетті құрметтеуге бағытталған маңызды қадам болмақ.

«ЖАС ҰРПАҚҚА ТӘРБИЕ БЕРУ БІЗДІҢ МІНДЕТІМІЗ»



Кузенбаева Гулмира Турдибаевна
Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Нозайты ауылы
"Нозайты" бөбекжай-балабақшасы
Меңгеруші

Жас ұрпақ тәрбиесі – адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ұрпақ тәрбиесі қоғамнан тыс, оқшау тұрған құбылыс емес. Ол қоғамның, заманның бағыт-бағдарымен, тыныс-тіршілігімен бірге жүріп отырады. Осы орайда кез келген бүлдіршін үшін балабақша тәрбиесі ата-анасынан берілген тәлім-тәрбиені одан әрі қарай жалғап, жандандыратыны сөзсіз. Атақты чех ғалымы Я.А.Коменскийдің «Ұлы дидактикасында» балаларды басқаның ақылы арқылы ойлауға үйрететін жаттанды оқытуға қарсы «әр баланың бойында білім отын жағатын» танымдық әрекетті дамыту нұсқаулары беріледі. Ұлттық тәрбиенің негізі балаға ананың сүтімен, ана тілімен, бесік жырының әлдиімен беріледі. Тәлімгерліктің бұлақ көзі де, тәрбиенің барып құяр арнасы да мектепке дейінгі мекеме, балабақшалар екені белгілі. Балабақшада тәрбиеленушілердің танымдық іс-әрекетін қалыптастыруда негізгі жұмыс түрі – ойын әрекеті. Бала мен балалар ұжымының дамуында мектеп жасына дейінгі іс-әрекетінің негізгі түрі ойын – орасан зор роль атқарады. Ойын арқылы бала қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін дамытады. Бала ойыны кезінде де қоғамдық, ұжымдық сипат болады. Мәселен, бала еш уақытта өзі ғана емес, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды, сол арқылы бір-бірімен өзара қарым-қатынас жасайды. Ал мұның өзі – баланың дамуы үшін маңызды фактор екендігі түсінікті. Ойын үстінде баланың түрлі қасиеттері, қабілеті мен белсенділігі де көрінетіні туралы аса көрнекті педагог А.С.Макаренко былай дейді: «Ойында бала қандай болса, өмірде кәсіби қызмет саласында, көбінесе сондай болады». Сондықтан келешекке адамды тәрбиелеу – бәрінен бұрын ойын арқылы жүзеге асырылады. Ойын – балалар үшін айналадағыны танып, білу тәсілі.

Балабақшада берілетін тәрбие-барлық тәрбиенің бастамасы, әрі жан-жақты тәбие мен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Бала бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып олардың өнегелі, тәрбиелі болып өсуіне балабақша ошағының тигізер әсерінің маңызы зор. Мектепке дейінгі жастағы адамгершілік-патриоттық тәрбие дегеніміз- баланың моральдық қасиеттерін белгілі бір мақсатқа бағыттап қалыптастыру. Адамгершілік сезімдерді тәрбиелеу арқылы-моральдық түсініктердің, әдеттердің және мінез-құлық мотивтерінің қалыптасуы бірлесіп жүзеге асады және мектепке дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесін қамтамасыз етеді. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілік-патриоттық сезімге тәрбиелеудің нақты міндеттері:

-балалардың үй-ішіне, жақындарына, құрбы-достарына, жалпы адамдарға, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу;

-адамгершілік ережелеріне сай балалардың мінез-құлқын, ұйымдасқан тәртібін, мәдениеттілігін, жақсы әдеті мен дағдысын қалыптастыру;

-балалардың адамгершілік түсініктері мен қасиеттерін тәрбиелеу.

Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік- патриоттық сезімге тәрбиелеу мазмұнына баланың Отанға, адамдарға деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу жатады. Ол үшін алдымен балалардың ата-анасына, үйіне, туған жеріне, оның табиғатына, өз қаласына, туған-туысқандарына, дос құрбыларына, балабақшаға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу қажет. Ерте сәбилік кезеңнен бастап баланы ана тілінде сөйлеуге үйрету, ауыз әдебиеті үлгілерімен сусындату ең маңызды мәселе. Бала әдеби шығармаларды: өлең, ертегі, ән, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел, батырлар жырын тыңдау арқылы ана тілінің байлығы мен әсемдігін меңгерумен қатар оны сүюді үйренеді. Балаларды халықтың қолөнерімен, қазіргі композиторлардың сан түрлі азаматтық

тақырыптарға арналған әндерімен таныстыру балалардың қуанышын, көңілді сезімін дамытып, еліне, туған жеріне, ұшқыштарға, ғарышкерлерге, теңізшілерге, Отанға т.б. деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелейді.

Балабақшада көптеген ұлттың балалары бар, олардың бәрі бірдей тәрбиеленіп, бірдей қамқорлыққа бөленеді. Осының өзі-ақ балалардың бір-біріне жолдастық, достық сезімін тәрбиелеудің ең қолайлы жағдайы.

Баланы тәрбиелеуде оның өмірінің алғашқы жылдарынан бастап-ақ адамгершілік сезімдерін қалыптастыру үлкен орын алады. Үлкендермен қарым-қатынас жасау процесінде оларға үйір болу, оларды жақсы көру сезімі, олардың нұсқауларына сай әрекет жасауға, оларды қуантуға, жақын адамдарын ренжітетін қылықтар жасамауға ұмтылу пайда болады.

Патриоттық сезімге: туған өлкесін, Отанын сүйуге, басқа ұлттардың адамдарын құрметтеуге тәрбиелеудің ерекше маңызы бар. Тәрбиеші балаларда үлкендерге құрмет көрсетуді, өз қатарларымен дұрыс қарым-қатынас жасауды, заттарға ұқыпты қарауды білдіретін сан алуан мінез-құлық дағдыларын қалыптастырады. Бұлар әдет бола отырып, мінез-құлық нормасына айналады: сәлемдесу мен қоштасу, біреудің көрсеткен қызметіне рақмет айту, алған затын орнына қою, қоғамдық орындарда өзін мәдениетті ұстау, өтінішін ізеттілікпен білдіру әдеті.

Мектепке дейінгі естияр жаста үлкендермен, өз қатарларымен мәдениетті қарым-қатынас жасау, шын айту, тазалық, тәртіп сақтау, пайдалы іс-әрекет жасау, еңбек ету әдеті қалыптаса береді. Мектепке дейінгі ересек жаста балалар қылығының адамгершілік мазмұнына ой жүгірте қарау негізінде дамыған адамгершілік дағдылар мен әдеттер неғұрлым берік болады. Тәрбиеші балалардың адамгершілік нормаларына бағынатын, саналы түрде меңгерілген мінез-құлыққа тәрбиелейді. Адамгершілік нормалары: қайырымдылық, сыпайылық, әділдік, қарапайымдылық, қамқоршылық, және т.б. ұғымдарды тәрбиеші бірте-бірте балаларға түсіндіру арқылы меңгертеді.

Мектепке дейінгі балалардың адамгершілік-патриоттық тәрбиесінің мазмұны «Балалар бақшасында тәрбиелеу бағдарламасында» көрсетілген. Оған: Отанға, өз ұлтына деген сүйіспеншілік, оларды және олардың еңбегін құрметтеу, ұлтаралық, ұжымдық және адамгершілік бастамасы, мінез-құлық тәртіптілігі мен мәдениеті, мінездің ерік-жігер белгілері, жеке адамның жағымды адамгершілік сапалары кіреді.

Баланың бойында адамгершілік патриоттық тәрбиені қалыптастырудың негізгі міндеттері мына бағыттармен түйінделеді:

- ізгілік бастамасымен тәрбиелеу;
- өз отбасына, балабақшасына, туған қаласына, көшесіне сүйіспеншілікпен, қамқорлықпен қарау;
- табиғатқа қамқорлықпен қарау;
- еңбек сүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу;
- қазақ халқының салт-дәстүріне қызғушылықпен қарау;
- мемлекеттік рәміздермен таныстыру, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Сондай-ақ, тәрбиешілер балалармен тақырыптық сабақтар өткізеді, Отан туралы, туған жер туралы тақпақ-өлеңдер жаттатып, әңгімелеу арқылы бала бойына елге, жерге, Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттырады. Еліміздің төл мерекелеріне балабақшада ертеңгіліктер өткізіп тойлайды. Осы сабақтар, ертеңгіліктерді өткізуге тәрбиешілер, ата-аналар белсене қатысып, өз үлестерін қосады. Балаларды адамгершілік-патриоттық сезімге тәрбиелеуде балабақша мен мектептің, кітапханалар мен мұражайлардың сабақтастығыда әсерін тигізеді.

Біздің алдымызда тұрған басты міндет – тәуелсіз Қазақстанның әр жас жеткіншегінің жүрегінде Отанына, жеріне, еліне деген ыстық сезім, шынайы сүйіспеншілік ұялату. Сондықтан біз адамзаттық көзқарасы қалыптасқан, әлеуметтік белсенділігі жоғары отаншыл ұрпақ тәрбиелеп өсіруге аса көңіл бөлуіміз керек. «Әрбір Қазақстандықты өз мемлекеті қамқорлықсыз қалдырмайды, ал әрбір Қазақстандық өз мемлекетінің болашақ тағдыры үшін жауапты» деген ұғымды жас ұрпақ санасына сіңіруіміз қажет.

Ойын мен ойын әрекеті мазмұнынан әлеуметтік сипаты баланың қоғамда өмір сүретіндігімен байланысты. Ойынның негізгі ерекшелігі – ол балалардың қоршаған өмірді – адамдардың қимылын, іс-әрекеттерін, олардың бала қимылынан туған жағдайдағы қарым-қатынасын бейнелеуі болып табылады. Ойында бөлме теңіз де, ұшақ та, темір жол вагоны да болуы мүмкін. Балалар ойын кезінде тыныш отыра алмайды. Тіпті бала жалғыз болғанның өзінде де сөйлесіп жүреді.

Сондықтан, ойын барысында тілдесім үрдісі қалыптасады. Ұлттық ойындар біздің көз алдымызға тап осы суреттерді елестетеді. Өйткені, бір кезде ол бар өнердің басы, олардың нәр алатын бастауы болатыны анық. Шынында да, көне мәдениет пен әдеби туындылар алдымен сол халық жиналған думанды сауықта, ойын той үстінде дүниеге келіп, көптің игілігіне айналған. Бүгінгі және болашақ ұрпақ ұлттық ойындардың өзі адам

еңбегінің жемісі. Ұлттық ойындар сол халықтың әлеуметтік экономикалық жағдайларына байланысты туып, оның тұрмыс жағдайларына үйлесімді жасалғандай әсер етеді.

Олай дейтініміз осы ойындардың көпшілігі сол көшпелі тұрмысқа лайықталып, арнайы материалдық әзірліксіз ойнала беретіндігіне ғана емес, сонымен бірге халықтың психологиялық ерекшеліктеріне де байланыстылығында екендігіне көзіміз жетеді. Сондықтан, жаңа стандарт негізінде баланың танымын қалыптастыру бағытында педагогтардың өз білімі мен кәсіби деңгейін жетілдіру – кезек күттірмес мәселе.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды жастардың санасына сіңіре білуіміз қажет. Тәрбиенің көзі ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздер десек, біз соларды насихаттайтын жүргізушіміз. Бүкіл қоғам болып қолға алып, мәдениетті, тәрбиелі болып жүруді әрқайсысымыз өзімізден бастасақ, жас ұрпақтың тәрбиесі де өз жемісін берері анық.

ВЛИЯНИЕ УРОКОВ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ НА РАЗВИТИЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОЙ ЛИЧНОСТИ



*Рыскалиева Марал Забиховна
Мангистауская область, город Актау
КГУ "№13 гимназия"
Учитель русского языка и литературы*

Новая система профессионального образования является многоуровневой: в рамках среднего профессионального образования выделяют базовый и повышенный уровни подготовки. Основными целями системы среднего профессионального образования являются подготовка специалистов среднего звена и создание условий для развития личности в образовательном процессе. Уровень развития современного общества, постоянно увеличивающийся объем информации требуют коренных изменений в системе образования. В связи с этим одной из важнейших задач, стоящих перед обществом и школой, является создание благоприятных условий для развития творческой конкурентоспособной личности, обладающей нравственными качествами, готовой принимать ответственные решения. Конкурентоспособная личность, по определению В. И. Андреева, - это «личность, для которой характерно стремление и способность к высокому качеству и эффективности своей деятельности, а также к лидерству в условиях состязательности, соперничества и напряженной борьбы со своими конкурентами».

Современному специалисту-выпускнику, прежде чем устроиться на работу, необходимо составить свое портфолио, в котором должны быть представлены его достижения. Одним из важных качеств, которым должен обладать выпускник, является компетентность. Именно такой специалист может быть конкурентоспособным. Любого специалиста-выпускника можно охарактеризовать по наличию у него профессиональных знаний, профессиональных умений и навыков, опыта работы, профессионального потенциала, по его личным качествам.

Все эти показатели составляют понятие профессиональная компетенция.. Высокая профессиональная компетенция позволяет специалисту-вы-пускнику быстро найти желаемую работу. Формирование профессиональной компетенции происходит главным образом в образовательном процессе. Целый ряд дисциплин способствуют развитию профессиональной компетенции у студентов. Предметы «Русский язык» и «Литература» нацелены на обучение студента умению грамотно общаться в учебной и профессиональной деятельности, в повседневной жизни. Этим определяется значение данных дисциплин. Изучение любого курса в значительной степени зависит от умения студента воспринимать и продуцировать речь в рамках различных функциональных стилей русского литературного языка. Курс русского языка и литературы, обучая студента важнейшим приёмам работы с устным и письменным текстом, готовит его к более глубокому и адекватному восприятию всех дисциплин общегуманитарного цикла и предметов профессиональной подготовки.

Значение данной дисциплины для последующей профессиональной деятельности выпускника любого учебного заведения определяется ролью языка в обществе, в производственной и культурной деятельности человека.

Уверенное владение русским языком, способность быстро понимать речь окружающих и грамотно реагировать на неё, способность ясно излагать свои мысли в устной и письменной форме необходимы специалисту в любой области. Изучение дисциплин «Русский язык» и «Литература» способствуют, в первую очередь, развитию коммуникативной компетенции. Важнейшие задачи данных предметов:

- обучение профессиональному общению в области избранной специальности;
- развитие речевого мастерства для подготовки к сложным профессиональным ситуациям общения (ведение переговоров, дискуссии и т. п.);
- повышение культуры разговорной речи, обучение речевым средствам установления и поддержания доброжелательных личных отношений.

Для осуществления этих задач преподавателю следует продумать технологию своей деятельности и деятельности студентов, которая способствовала бы большей результативности в обучении. Учебный предмет - это приспособленная к изучению та или иная научная дисциплина или область деятельности. Умения и навыки, которые приобретает студент в результате изучения дисциплин, также влияют на развитие конкурентоспособной личности: умение трансформировать вербальный и невербальный материал; умение направлять диалог в соответствии с целями профессиональной деятельности; умение учитывать социальные и индивидуальные черты личности собеседника и другие.

Русский язык относится к числу важных учебных предметов, составляющих вместе с другими дисциплинами основу профессионального образования выпускников. В разные периоды развития отечественной школы состав учебного предмета «Русский язык» менялся в зависимости от общих его целей и специальных целей изучения русского языка, от уровня развития науки о русском языке и наук психолого-педагогического цикла. В отличие от остальных учебных предметов, русский язык как родной выполняет две функции: он является, во-первых, предметом изучения и, во-вторых, средством изучения всех остальных дисциплин. От уровня его преподавания во многом зависят успехи учащихся в овладении как самим русским языком, в качестве средства общения во всех формах его применения, так и всеми остальными учебными предметами.

Для развития грамотной, связанной речи у студентов на уроках русского языка можно и нужно использовать лексико-орфографическую работу, грамматический разбор, орфоэпические разминки, работу со словарями и другие. На уроках литературы студентам предлагается литературоведческий анализ произведения, заучивания наизусть лучших образцов художественной литературы, письменные работы творческого характера.

Особую роль на уроках русского языка и литературы играет работа с текстом.

Текст - сочетание предложений, связанных между собой по смыслу одной темой. Предложения, даже сложные, почти никогда не употребляются в речи изолированно. Они связаны с другими предложениями по смыслу и грамматически и, объединяясь с ними, образуют текст. В отличие от предложения, которое позволяет выразить мысль, текст обеспечивает развитие мысли, развитие повествования. Каждое последующее предложение не только повторяет тему предыдущего, но и развивает его мысль, добавляя к высказанному нечто новое.

Чтобы научить студентов созданию текста, в работе по развитию связной речи используются:

- анализ текстов (устных и письменных, положительного и негативного характера);
- составление композиционной схемы, плана, рабочих материалов;
- редактирование текстов;
- установка на определенную речевую ситуацию (то есть уточнение задачи адресата, обстоятельств высказывания);
- обсуждение первых вариантов устных и письменных высказываний и другое.

Одна из особенностей указанных приемов состоит в том, что многие из них являются одновременно и предметом обучения (например, составление плана и прием обучения, и способ деятельности студента, которым он пользуется при создании своего речевого произведения). Вторая особенность этих приемов - в широком сочетании их с таким дидактическим средством, как текст.

Задания, которые используются при этом можно условно разделить на пять групп.

Задания аналитического характера по готовому тексту. Например, определить основную мысль высказывания, сформулированную автором; часть, в которой содержится пример, в которой дается описание того-то; найти в тексте лишнее; часть, которую следовало бы расширить; неудачно введенные в тексты цитаты; озаглавить отрывок словами текста; проследить зависимость употребления таких-то языковых средств (от задачи, замысла, высказывания; сопоставить исходный текст в конспекте, что в них общего, чем отличаются и так далее.

Задания аналитико-синтетического характера по готовому тексту. Эти задания требуют анализа готового текста и создания на его базе элементов текста, но не текста в целом. Например, сформулировать основную мысль автора; озаглавить текст; подобрать эпиграф; составить композиционную схему текста и так далее.

Задания на переработку готового текста в плане его совершенствования. Например, устранить такие-то недочеты в содержании и речевом оформлении высказывания; ввести в текст цитаты, подтверждающие такие-то суждения.


Задания, требующие создания нового текста на основе данного. Например, изложить подробно, сжато такую-то часть текста или весь текст; подготовить устное сообщение на такую-то тему на основе данного текста; дополнить текст своими рассуждениями по существу обсуждаемого в нем вопроса: записать услышанный рассказ и так далее.

Задания, требующие создания своего текста. Например, составить тезисы выступления, написать заметку, описать в научном стиле проведенный опыт, написать отзыв о сочинении товарища; подготовить доклад на такую-то тему.

Тексты можно использовать для написания диктантов: свободных, творческих, выборочных; при написании изложений и сочинений. Данные виды работ по развитию связной письменной речи издавна практикуются на уроках русского языка.

Таким образом, большую роль на формирование и развитие конкурентоспособной личности, его профессиональной компетентности оказывают дисциплины «Русский язык» и «Литература». Изучение данных предметов формирует высококвалифицированного специалиста, речь которого соответствует принятым в образовательной среде нормам, отличается выразительностью, грамотностью, логичностью. Поэтому именно педагог-словесник может эффективно работать над формированием профессиональной компетенции студентов.

ТЕАТРАНҒАН ҚОЙЫЛЫМДАР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУЫ



Клычева Служарылгасыновна
Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы
Ақтау қаласы білім бөлімінің №35 "Балдырған" бөбекжайы
Тәрбиеші

Ана тілін меңгеру – баланың мектепке дейінгі балалық шақтағы маңызды меңгерулерінің бірі. Өйткені сөйлеу адамға туғаннан берілмейді. Баланың сөйлей бастауы үшін уақыт өтуі керек, ал баланың сөйлеуі дұрыс және дер кезінде дамуы үшін үлкендер көп күш салуы керек. Кез келген мектепке дейінгі білім беру мекемесінің негізгі міндеті - мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту. Оның арқасында баланың коммуникативті дағдыларының бастапқы қалыптасуы, дұрыс сөйлесу мен ойлауының қалыптасуы жүзеге асады. Мониторинг нәтижелері соңғы кездері дұрыс сөйлеу қабілетінде елеулі бұзылыстары бар мектеп жасына дейінгі балалардың саны артқанын көрсетті.

Үйде бала ересектермен бірге аз уақыт өткізеді (компьютер алдында, теледидар алдында немесе ойыншықтарымен көбірек болады), анасы мен әкесінің аузынан әңгімелер мен ертегілерді сирек тыңдайды. Сөйлеуді дамыту әдетте сирек кездеседі. Сонымен, баланың мектепке барған кезде сөйлеуінде көптеген мәселелер туындайды:

- ✚ Жай сөйлемдерден тұратын бір буынды сөздермен шектелу;
- ✚ Сөйлеудің кедейлігі, сөздік қорының жеткіліксіздігі;
- ✚ Жаргон сөздермен сөйлеу;
- ✚ Нашар диалогтік сөйлеу;
- ✚ Сөйлеу мәдениеті дағдыларының жетіспеушілігі

Көптеген ата-аналар проблемаларды шешу үшін балабақшаға сүйенеді, бірақ тәжірибе көрсеткендей, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру және қарым-қатынас дағдыларын дамыту үшін аптасына екі сабақ жеткіліксіз. Театрлық іс-шаралар балабақшадағы мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тәжірибесін әртарапандыруға көмектеседі, бұл балалардың сөйлеуін дамытуға үлкен әсер ететін театрлық ойын. Сөздік қорын кеңейту арқылы сөйлеуді ынталандырады, артикуляциялық аппаратты жақсартады.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, мен мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін театрландырылған іс-әрекеттер арқылы дамытуды мақсат етіп қойдым. Балалардың ойын әрекеті барысында әр баланың сөйлеуінің даму деңгейін анықтадым.

Театр қызметі маңызды міндеттердің бірін - сөйлеуді дамытуды шешуге мүмкіндік береді, сондықтан топ «Сөйлеу әрекеті орталығын» құрды, онда олар: көркем әдебиеттер, таныс шығармалардың иллюстрациялары бар альбомдар, артикуляциялық гимнастика таңдауы жасалды. Және саусақ жаттығулары, келесі бағыттар бойынша дидактикалық ойындардың картотекасы құрастырылды:

- Сөйлеудің грамматикалық құрылымын қалыптастыру «Кімде ұқсас сурет бар?», «Тақпақ таңдаймыз», «Жұмбақтар-сипаттау» т.б.

- Біріктірілген сөйлеуді дамыту үшін «Маған бір сөз айт», «Бұл әрекеттерді кім орындай алады?», «Кім, қалай қозғалады? «Табиғатта не болады?».

– Шығарманың дыбыстық жағы бойынша «Кейіпкер қай ертегіден?», «Сағаттық ойыншықтар», «Түлкі тығылмақ» т.б.

Сөйлеуді дамытуға бағытталған ойындарды қамтитын технологиялық карталар менің жұмысымда жүйелілікке жетуге көмектеседі. Мен бұл ойындарды барлық режим сәтінде қосамын. Сондай-ақ, мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамытуға бағытталған мен жүзеге асырған «Ертегі балалар

шығармашылығының қайнар көзі» жобасы да оң нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Ол осы жоба аясындағы жұмысты жүйелі түрде, балалар мен ересектердің іс-әрекетін оң нәтижеге жетуге бағыттады. Жобалық іс-әрекет маған театр қызметі арқылы сөйлеуді дер кезінде дамытуға бағытталған мәселелерді сәтті шешуге мүмкіндік береді.

Театр іс-әрекетінің тәрбиелік мүмкіндіктері орасан зор, оның тақырыбы шектелмейді және баланың кез келген қызығушылықтары мен тілектерін қанағаттандыра алады. Театр іс-әрекеті сезім аясын дамытады, бала бойындағы жанашырлықты оятады, өзін басқаның орнына қойып, онымен бірге қуанып, уайымдайды.

Демек, сөйлеуді театр қызметі арқылы дамытудың бір кезеңі – сөйлеу мәнерлілігін арттыру жұмыстары. Кейіпкерлердің көшірмелерінің, өзіндік мәлімдемелерінің мәнерлілігі барысында баланың сөздік қоры сезілмейтіндей белсендіріледі, оның сөйлеуінің дыбыстық мәдениеті, оның интонациялық құрылымы жетілдіріледі. Бұл кезеңде шығарманы келесі ретпен құрастырамын: алдымен мен өзім ойлаған сюжетті рөлдерге бөліп ойнаймын, содан кейін балаларды кейіпкерлер үшін сөйлеуге шақырамын. Ал балалар мазмұнын жаттап алған соң ғана осы сюжетті ойынды ұсынамын. Мұндай ойындарға мысал ретінде «Алдар көсе», «Қолғап», «Екі дос» ертегілерін келтіруге болады. және т.б.

- Біріктірілген сөйлеуді дамыту үшін «Маған бір сөз айт», «Бұл әрекеттерді кім орындай алады?», «Кім, қалай қозғалады? «Табиғатта не болады?», «Кейіпкер қай ертегіден?», т.б.

Ертегі терапиясы әдісін өз жұмысымда қолдана отырып, балалардың шығармашылық бастамасын, балалардың қорқынышын жеңу қабілетін, қобалжу сезімін дамытамын. Театрландырылған ойын балалардың шығармашылық дамуы үшін қолайлы орта болып табылады және бұл әрекет балалардың сөйлеуін дамытуға көмектеседі.

Қорытындылай келе, театр іс-әрекетінің сөйлеу тілін дамытуға ықпалы даусыз екенін атап өткім келеді. Театрлық іс-әрекеттердің көмегімен сөйлеуді дамыту бағдарламасының барлық дерлік міндеттерін шешуге болады және балалардың сөйлеуін дамытудың негізгі әдістері мен тәсілдерімен қатар халықтың ауызша шығармашылығының ең құнды материалы екендігін айтқым келеді.

БАЛАБАҚШАДАҒЫ МУЗЫКАЛЫҚ ОЙЫНДАР



*Шарипова Алма Еликовна
Ақмола облысы, Көкшетау қаласы
«Нұрсая» бөбекжайы МКҚК
Музыка жетекшісі*

Түрлі сипаттағы музыкамен байланысты музыкалық – ойындарды ойнағанда: байсалды, асықпай және көңілді, шаттанған көңілді жеткізуге талпындырады. Балалардың ой-өрісін, есте сақтау, қабылдау, орындаушылық қабілеттерін арттырады және де музыкаға деген қызығушылықтарын оятады.

Әр ойынды ойнағанда әр баланың шығармашылық бастамасын, ойынды өз бетінше құру және ойлаған ойын іске асыру, өзін ойын желісі мен ережесін сәйкес ұстау қасиетін қалыптастырады. Ойын құру үдерісінде жолдастарына тілектестік қарым-қатынасын, олармен санаса білуді, қиын жағдайларда көмекке келуді, ойын материалын қолдануда келісім жасауды, дауларды әділ шешуді қалыптастырады. Өн-күй сабағында музыкалық дидактикалық ойындарды қолданудың мәні өте зор. Әнді орындағанда ойнап айтуға болады. Мысалы, екінші сәби топтарында әнді тірек сызба арқылы және де әнге сәйкес қимыл-қозғалыстар жасап орындауға болады, осы сәтте балалардың ой-өрісі дамып әнді тез жаттап алуларына мүмкіндік тудырады. Осы музыкалық дидактикалық ойындарды ән-күй сабағында, топта, серуенде, үйде ойнауға болады.

Шарты: Үйдің суреті және терезелері ашпалы болуы керек. Терезені ашқанда музыканың түрлеріне байланысты би, ән, марш, күй суреттері бар.

Балалар музыканы тыңдай отыра, түрін анықтап, арнайы терезені ашса, сол бала жеңімпаз атанады.

Ойынның ұзақтылығы 5-7 минут.

Түлкі мен қаздар.

Мақсаты: Кейіпкер роліне еніп, музыкалық дыбыстарды мәнерлеу құралдарын жетілдіру.

Көрнекіліктер: Түлкінің, қаздың бет пердесі.

Ойынның шарты: Түлкінің бет пердесін киген бала әндете, музыка әуеніне сай билей қазға келеді. Қаз бейнесіне енген бала, әндете жауап береді. Түлкі қазды қуады. Ұсталған қаз әнмен, тақпақпен айыбын өтейді.

Түлкі: -Қаңқ, қаңқ қалың қаз,

Ұстап жеймін қарным аш!

Қаздар: -Қой, қой түлкі, сұм түлкі,

Балапандар әлі жас!

Шортан.

Мақсаты: Музыка әуенімен еркін билеуге баулу.

Көрнекіліктер: Шортан мен кішкентай балықтардың бет пердесі.

Шарты: Шеңбер құрып тұрған балалар — аквариумдағы тастар. Үлкен балық — шортан тастардың арасымен, кішкентай балықтарды қуалайды. Кішкентай балықтар: бул-бул-бул деп әндететіп қашады. Ұсталған балық тақпақ немесе ән орындайды.

Шар ұшты!

Мақсаты: Шеңбер жасап тұруға үйрету.

Көрнекіліктер: ұнтаспа

Шарты: Балалар шеңбер жасап шардың үлкендігін, пішінін көрсетеді.

«Шар үрлейміз!»-деген бұйрыққа балалар ортаға жиналып, аузымен үрлей отырып шеңбер құрастырады.

«Шар ұшты!»-дегенде музыка ырғағымен шеңбер жасап айналады.

Барабан соғылғанда балалар шардын жарылғаның қолдарын босатып жібереді. Осы шартты орындай алмаған бала ән немесе тақпақ айтып, би билеп айыбын төлейді.

Жоғарғы және төменгі дыбысты тап.

Мақсаты: Музыкалық дыбыстардың төмен, жоғарылығын ажыратуға үйрену.

Көрнекіліктер: Суретті карточкалар: үйрек-балапан, аю-қонжық, қоян-көжек, жылқы-құлын т.б.

Шарты: Әрбір карточкамен жеке жұмыс. Ре (төмен дыбысты естігінде карточкадағы сол дөңгелекті жабу.) Ля (жоғарғы дыбыс) жануардың баласын көрсету керек.

Мысық пен тышқан

Мақсаты: Мысық пен тышқандар бейнесін көрсету, әртістік қабілетін арттыру.

Көрнекіліктер: Мысық пен тышқанның бет пердесі.

Шарты: Мысық орындыққа отырып ұйықтап жатады. Тышқандар мысықтың үйіне келіп билеп, асыр салып ойнайды. Мысық ұйқыдан ояғанда, тышқандар қаша жөнеледі. Ұсталған тышқан айыбын әнмен өтейді.

Бірғақты қайтала.

Мақсаты: Аспапты тембірлік үнінен тануға үйрету. Көрнекіліктер: Аккордеон, металлофон, қоңырау, үшбұрыш, ағаш қасықтар.

Шарты: Екі бала бір-біріне арқасымен тұрады. Алдарында бірдей аспаптар қойылады. Бірінші бала таныс әннің ырғағын аспапта ойнайды, екінші бала дәл сол аспапта ырғақты қайталайды. Бала дұрыс тауып ойнаса, балалар шапалақтайды.

Музыкалық жұмбақ.

Мақсаты: Қатты, ақырын дыбысты сезіну қабілеттерін жетілдіру. Көрнекіліктер: Аккордеон, металлофон, қоңырау, үшбұрыш, ағаш қасықтар.

Шарты: Бір бала сыртқа шығады, екінші бала ойыншықты жасырады. Сырттағы бала кіріп, ойыншықты іздей бастайды. Бала ойыншыққа жақындаса қатты шапалақпен белгі береміз, жасырылған жерлен алыс жүрсе ақырын шапалақтаймыз.

Көңілді оркестр.

Мақсаты: Балаларды аспаппен әуенді сүйемелдеуге үйрету. Шығармашылық қабілетін дамыту.

Көрнекіліктер: Түрлі музыкалық аспаптар.

Шарты: Шеңберде тұрған балалар аспаптармен әуенді сүйемелдейді. Ортада әуеннің ұзақтылығын қол қимылымен көрсетіп тұрған дирижер бала болады. Әуеннің ауысымына қарай, балалар маршпен жүреді. Аяқтың ұшымен жүреді. Жеңіл секіре жүреді. Музыка әуені тоқтағанда, аспапты балалар ала қояды. Аспап ала алмаған бала дирижер болады.

Аспапты үнінен тап.

Мақсаты: Есту қабілетін дамытып, аспаптарды үнінен ажырату қабілетін арттыру.

Көрнекіліктер: Аккордеон, металлофон, қоңырау, үшбұрыш, ағаш қасықтар, домбыра т.б.

Шарты: Шымылдың артындағы бала өзіне ұнаған аспабын ойнайды. Аспапты үнінен кім тапса, сол жеңімпаз болады.

Әнді тап

Мақсаты: Әуенінен танып әннің атын атау, немесе әнді жалғастыру керек.

Шарты: Әуен фортепианодан ойналады. Әнді әуенінен дұрыс тапқан бала қол көтереді. Әннің атын айтады, немесе әнді шумағымен орындап келеді.

Әуенді әрле.

Мақсаты: Әуенді тыңдай білуге үйрету. Бірғақтылық сезімін тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Музыкалық аспаптар.

Шарты: Балаларға таныс ән немесе вокалды әуен қойылады. Бала әуенді тыңдай отырып мінезін суреттеуі тиіс. Тыңдалатын ән жыл әр – түрлі тақырыпта болуы мүмкін.

Қайтала.

Мақсаты: Есту қабілетін, ынтасын тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Музыкалық аспаптар.

Шарты: Бірғақты жетекші шапалақпен, немесе аспаппен соғады. Бала сол ырғақты қайталауы керек. Бірғақ әр-түрлі болуы мүмкін.

Музыкалық лото.

Мақсаты: Музыкалық дыбыстардың жоғары, төменділігін ажырату.

Көрнекіліктер: Нота жолы, түрлі-түсті нота дөңгелекшелері, металлофон.

Шарты: Бір бала металлофонда дыбыстарды соғады. Ал, балалар нота жолына естіген дыбыстар жуан болса, төменгі жолға, жіңішке дыбысты естісе, жоғарғы сызыққа қояды.

Құстың даусын тап.

Мақсаты: Музыкадағы жоғарғы және төменгі дыбыстарды ажырату, есту сезімін тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: үлкен, кіші құстардың суреті.

Шарты: Құстардың суреті балаларға үлестіріліп беріледі. Ку-ку деп құстар сияқты әндетеміз. Үлкен құстар- жуан әндетеді, кішкентай құстар - жіңішке дыбыста әндетеді.

Бірінші дыбыс, соңғы дыбыс.

Мақсаты: Есту қабілетін дамытып, дыбыстың дұрыс айтылуына көмектеседі.

Шарты: 1-бала ду-у-у соза әндетеді, екінші бала қай дыбыстың созылғанын айтып беруі тиіс.

Біз қайда бардық, не көрдік?

Мақсаты: Буындап әндету ерекшеліктеріне үйрету.

Шарты: Жетекші әнмен сұрақ қояды. Балалар әндете жауап береді.

-Біз орманға бардық, не көрдік?

-Аю, қоян, түлкі, қасқыр .. т.б.

-Біз циркке бардық, не көрдік?

Көңілді музыканттар

Мақсаты: Дыбыстарды дұрыс айту қабілеттерін жетілдіру.

Шарты: Аспаптарды үнін әндете отырып, аспапты ұстау, ойнау ерекшелігін көрсету керек.

Домбыраны қолға алып,

Ән айтамыз толғанып.

Дан-диги-дан.

Қобыз аспап киелі,

Оны бәрі сүйеді.

Пара-ри, пара-ри.

Сыбызғыны үрлейміз,

Жалқаулықты білмейміз.

Ду-ду-ду.

Трам-та сокса барабан,

Қызыға жұрт қараған.

Трам-та-та.

Мысықай анасын қалай тауып алды?

Мақсаты: Әртістік, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Эмоционалдық мінезін тәрбиелеу.

Шарты: Мысықай анасынан адасып қалады.

Мысықай анасын іздеп жолға шығады. Келе жатып, әтешті көреді.

-Сен менің анамсың ба? Деп сұрайды.

Әтеш: -Ку-ка-ре-ку. Мен сенің анаң емеспін, дейді.

Мысықай ешкіге келеді.

-Сен менің анамсың ба? Деп сұрайды.

Ешкі: — Ме-ме-ме. Мен сенің анаң емеспін, дейді. Мысықай сиырға келеді.

-Сен менің анамсың ба? Деп сұрайды.

Сиыр: -Мө-мө-мө. Мен сенің анаң емеспін, дейді.

Мысықай анасын таба алмай, мұңайып келе жатқанда,

-Мияу-мияу... деген дауысты естіді. Мысықай қуанып, міне менің анам деп анасын құшақтады.

Жіп орау.

Мақсаты: Шапшаңдылыққа, әуеннің аяқталуын сезіне білуге үйрету.

Көрнекіліктер: Түрлі түсті жіптер.

Шарты: 2 топтан 2-бала шығады. Түрлі-түсті тарқатылған жіпті көңілді әуенмен орай бастайды. Музыка аяқталғанда қай баланың жібі көп оралса, сол бала жеңімпаз атанады.

Ырғақты дәл қайтала!

Ойынның мақсаты: Музыкалық аспапты тыңдауға ынтасын тәрбиелеу.

Ойын құралдары: аспаптар

Ойынның шарты: Бір бала шымылдыңтың артында тұрып, аспаппен ырғақты соғады. Ал екінші бала ырғақты қайталайды. Ырғақты дұрыс қайталаған бала жеңімпаз атанады.

Ән салған кім?

Мақсаты: Ән салған баланы даусынан тану қабілетін байқау, есту қабілетін дамыту.

Көрнекіліктер: аспаптар

Шарты: Бір бала шымылдыңтың артында тұрады, ал екінші бала ән орындайды. Шымылдыңтың артындағы бала ән салған баланы даусынан танып, есімін атап беруі керек.

Аспаптарды топтастыру.

Мақсаты: Аспаптарды танып, топтастыра білуге үйрету.

Көрнекіліктер: ойыншықтар, аспаптар соқпалы, үрлемелі, шертпелі.

Шарты: Ойыншықтар мен аспаптар үстел үстіне қойылады. Балалар үш топқа бөлінеді де, аспаптарды топтастырып қоюы керек.

Досыңа бер.

Мақсаты: Достыққа, шапшаңдылыққа баулу.

Көрнекіліктер: аспап, сылдырмақ.

Шарты: Шеңберде тұрған балалар шеңбер бойымен бір-біріне сылдырмақты береді. Музыка әуені тоқтағанда сылдырмақ қай баланың қолында қалса, сол бала ойыннан шығады.

Жемістер мен көкөністер.

Мақсаты: Жемістерді көкөністерден ажыратуға үйрету. Музыка ауысымын сезінуге, түрлерін ажыратуға үйрету.

Көрнекіліктер: Жемістер мен көкөністердің бет пердесі.

Шарты: Музыка әуенінің ауысымына қарай жемістер мен көкөністердің бет пердесін киген балалар шеңбер бойымен билеп жүреді. Музыка әуені тоқтағанда жемістер, көкөністер болып екі топқа бөлініп тұра қалады.

Сиқырлы текше.

Мақсаты: Текшедегі аңдардың дауысын келтіріп, тембырын өзгерту мүмкіндігінше жоғару көтеру.

Ойын шарты: Көңілді қиын емес әуен ойналады. Педагог және балалар шеңберге тұрады. Текшені бір біріне қолдарына беріп, тақпақ айтады.

- Алма кепті домалап,
- Көше бойын аралап.
- Кім алманы табады,
- Сол ойыннан шығады.

Қай баланың қолында текше қалып қойса, сол бала текшені ортаға лақтырады. Педагог текшеде қандай сурет екенін балалардан сұрайды. Балалар жауап береді. Егер текшеде мысықтың суреті болса, педагог ол балаға мысықтың қалай амандасатын көрсетуін сұрайды.

Осы секілді ойындар арқылы баланың музыкалық білімін жетілдіруге болады.

ОЙНАЙ ОТЫРЫП БАЛА ТІЛІН ДАМУ



*Искакова Жулдыз Алтысбаевна
Акмола облысы, Красный яр ауылы
"Zerek' бөбекжайы МКҚК
Тәрбиеші*

Халық даналығындағы: «Ойнай білмеген, ойлай да білмейді», «Ойында озған өмірде де озады» деген аталы сөздің сырына жүгінсек баланың ойынға деген құлқы, қарым-қатынасы, мінезі олар өсіп-есейгенде де өмірінде жалғаса береді. Ойын баланың негізгі әрекеті. Ойын барысында бала өзін қоршаған үлкендер сияқты, өзінің сүйікті әңгімелері мен ертегілеріндегі кейіпкерлері сияқты өмір сүреді, әрекет жасайды.

Баланың ақыл-ой және шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін ең қолайлы кезең 3 пен 9 жас аралығы. Ойын әрекетінің ең негізгі түрінің бірі-дидактикалық ойын. Мысалы: «Есіңе сақта және сурет сал», «Неге ұқсас?» сияқты практикалық әрекеттер арқылы бала адамгершілік және әділдікке, әсемдікке талпынып өмірге жақсы көзбен қарым-қатынас жасайды.

Мектепке барар алдында баланың сөздік қоры үлкен кісілермен кәдімгі өмірдің өзіне қатысты кезкелген мәселесі бойынша түсінісі алатындай дәрежеге жетеді.

Оқуға психологиялық даярлық-көп аспектілі ұғым. Ол жеке білім мен біліктілікті емес, барлық негізгі элементтер кіретін белгілі бір жиынтықты қарастырады. Көптеген ата-аналар, егер бала оқи және санай білсе, мектепке дайын деп есептейді. Сыдырата оқи алу, түсініп санай білу оқуда оң нәтиже берері даусыз, бірақ болашақ бірінші сынып оқушысына оқу іс-әрекетінің алғы шарттары және табысты оқуға қажет, баланың мектепте табысты оқуы оның психологиялық жетілуіне байланысты барлық құрамдастар қалыптасуы қажет.

Психологиялық жетілу баланың негізгі психикалық сферасының дайындығын қарастырады: ықыластанушылық, еріктілік, ақыл-ой және әлеуметтік. Оқуда тілдік емес функциялардың жетілуі (көру арқылы қабылдау, қозғалысты сфера, кеңістік уақыт қатынастары) маңызды роль атқарады. Тілдік емес функциялардың толық жетілмеуі бала сөйлеуінің дамуына, одан соң ойлауына кері әсер етеді. Өйткені, сөйлеу және ойлау өзара байланысты.

Баланың ақыл-ой дайындығының компоненттерінің бірі – жеткілікті дамыған тіл. Мектепте табысты оқу үшін баланың тілдік функциялары толық дамыған болуы керек. Нәзік моториканың толық жетілмеуі баланың ақыл-ой дамуына кері әсер ететіндігін ғалымдар дәлелдеген. Балаларды жүйелі оқытуға дайындауда әлеуметтік жетілгендіктің, яғни баланың ұжымда жұмыс істей алуы, құрбылармен қарым-қатынасы, басқа балалардың пікірімен санасуы, т.б. маңызды да аз емес.

Мектеп жасына дейінгі бала қандай сөзді қолдануға болады немесе жағымсыз, айтуға ұят сөздерді де екшелей алады. Бала сөзге дыбыстықталдау жасай алалды және сөзді дыбыстарға бөліп, сөздегі дыбыстардың ретін анықтай алады.

Ойынды қолданумен бірге ойлауға, шығармашылығын байытуға бағыт алады. Баланың ойын кезіндегі қимыл-қозғалысты дене бітімін жетілдірсе, іс-әрекеттегі амал-тәсілдері ой-сананың дамуына ықпал етеді, ал қарым-қатынастағы пайымдаулары өзіндік таным-түсінік, мінез-құлық әдептерін бекітуіне әсер етеді. Бала ойын арқылы бір әрекеттен екінші әрекетке ауыса отырып өзіне түрлі ақпараттар алады, дүние сырын ашады. Бала бір нәрсе туралы толық түсінік алуы үшін оны есту, көру, сезіну арқылы жүзеге асатындығын тәжірибе дәлелдеп отыр. Мысалы: бала бірнеше секунд ішінде жазу үстелінің үстінде тұрған заттарды мұқият қарайды. Көзін жұмады да, есінде сақтағандарының бәрін айтып шығады. Осылайша балалардың тек есін ғана емес зейінін де дамытуға болады.

Балабақшадағы тәрбиелеу- оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану әрі оны күнделікті

іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын айта білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту, ісіне тәрбиешінің балалардың сөздік қорларын дамыту, жаңа сөздерді меңгерту, үйренген сөздерін тиянақтап анықтап әрі байытып отыру басты міндет болып саналады.

Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулар орны ерекше. Соның ішінде ойын-баланың шын тіршілігі. Ойын-бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын арқылы қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Мәселен, кез келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды, сол арқылы бір-бірімен өзара қарым-қатынас жасайды. Өз тәжірибемде заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын сабақтарын ұйымдастыру барысында балалар сөздік қорларын дамытады. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді. Топта өзім жетекшілік ете отырып балаларды ойын ережесін сақтауға әрі ойната отырып ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады.

Заттармен айналатын ойын ойыншықтарды, табиғи заттарды қолдану арқылы өтіледі. Мысалы: «Дәл осындай тауып ал», «Салыстыр да атын ата», «Қай ағаш жапырағы?», «Бірдей ойыншықты тап».

Баланың тілін дамыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету, сөздік қорын байыту, ойлау қабылетін жетілдіру, кеңістік, уақыт ұғымдарын, тағы да басқа тиянақтылықтың жан-жақты қамтылуы қажет, оған тәрбиеші мен ата-ананың үлгісі зор.

Ойын жаттығулар арқылы баланың білімдік дағдыларын күнделікті іс-әрекетіте қолдана білу мүмкіндіктері қарастырылады. Ойнап отырып ойлануға бағыт беріледі. Баланың өсіп жетілуіне ықпал ететін басты құрал – ойын. Ойын арқылы бала өседі, жетіледі, дамиды.

Бір сөзбен айтқанда, ойын баланың жан-жақты дамуын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, басқа адамдармен қарым-қатынасын реттеп, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз болып табылады. Ойын-бала үшін біліктіліктің қайнар көзі. Сондықтан, жас өрендер ойнай отырып ойлай білсін.

ЕСТІМЕЙТІН ЖӘНЕ НАШАР ЕСТИТІН БАЛАЛАРДЫҢ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Кайргалиева Айғаным Калыбековна
Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы
№50 жалпы орта білім беретін мектеп
Дефектолог*

Жалпы айтқанда, тәрбие дегеніміз- адамдарды қоғамдық өмірге және еңбекке дайындау мақсатын көздеп, жаңа ұрпаққа қоғамды тарихи тәрбие беру процесі болып табылады. Тәрбие ұғымы кең мағынада әлеуметтік қоғамдық құрылыс ретінде барлық салаларын қамтиды: жанұя, мектепке дейінгі мекеме, оқу, тәрбие орындары, еңбек ұжымы, информатика құралдары және басқа орындар. Тәрбие процесі- күрделі диалектикалық процесс. Жас ұрпақ, бойына саналықты қоршаған ортаға адамгершілікті көз-қарасты, мектеп мақсатына сай, адамзат тарихының бай процестерін игеру. Тәрбие процесі- ұжымды дамытумен, қалыптастыруға бағытталған тәрбиеші мен тәрбиеленушінің мақсатты және өзара байланысты қызметі.

Тәрбие бұл- жағдайды ұйымдастырудың үрдісі, сондықтан жағдайды ұйымдастыру мақсатты түрде болса ғана, тәрбиенің қорытындысы жоғары және сапалы болады. Осындай жағдайлардың негізінде, тәрбиенің мөлшері шектелген, таяз түрі оқытушының, оқушыға әсер ету процесі деп байқау, осындай жағдайдың негізінде құрастырылған. Сондықтан да, бұл тәрбиеден бас тартуға тура келеді.

Тәрбие- балалардың жас және дербес ерекшеліктеріне дайындығы мен даму дәрежесіне лайық іске асырылады. Тәрбие арқылы балалардың іс-әрекеттерін ұйымдастыру үшін тәрбиелеп, тәрбиешінің құралдары мен әдістерін және формаларын іздестіреді, оларды тиімді етіп пайдаланады. Демек, тәрбие алдын-ала жасалған арнаулы жоспар бойынша мақсатқа бағыттала және ұйымдастырыла жүргізіледі. Сондықтан да, тәрбиешінің ортадан айырмашылығы осындай заңдылықтарға байланысты.

Педагогика тарихында тәрбиенің рөлін аса артық бағалаушылар да болады. Д.Локк: «Адамның көзқарастарымен адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудағы тәрбиенің шешуші рөлін мойындай келіп, адам тәрбие арқылы жетіледі!» деген сыңар қорытындыға келді. Локк бойынша, бала жаны табиғатынынан-ақ тақта сияқты тап-таза болады, сондықтан тәрбиеші нені қажет деп тапса, соны сол таза, ақ тақтаға жазуы тиіс.

Бұл жерде Локк тәрбиенің рөлін аса дәріптеп, әлеуметтік орта тұқым қуалаушылық факторларының адамды дамытудағы ықпалын жете бағаламайды.

В.Г.Белинский бала жаны не болса, соны жаза беретін таза, ақ тақта емес, оған өмір жазатын әріптер тәрбие мен жазу құралына және сол тақтаның сапасына байланысты деп жазды. Белинский тәрбиешінің рөлін жоғары бағалай келе, адамның дамуына тұқым қуалаушылықпен ортаның әсерін де ескерген жөн деді

Локк пен Белинскийдің көзқарастары бойынша, адамды адамның қанауы жағдайында тәрбие арқылы адамдарды түрлі дәрменсіздіктен, кемістіктен, кесірліктен құтқаруға болады. Демек, олар тәрбие арқылы адам баласының тұрмысын жақсарту және сапасын өзгертіп жөндеуге болады деген жорамалды ойға әкелді.

Тәрбиеші тәрбие арқылы баланың түрлі іс- әрекеттерінің тиімді етуін ұйымдастырады, оның дамып жетілуіне қажетті материалдарды іріктеп алады, айналадағы табиғи және әлеуметтік ортаға көзқарасын дамытады. Тәрбие жұмыстарының саралау жолдарын табудың нәтижесінде баланың ой-өрісі кеңейеді, эстетикалық сезімі мен талғамы артып, адамгершілік сапасы қалыптасады.Қай білім ошақтарын алсақ та, ол жерде білім алу мен қатар тәрбие де алып шығады.

Енді арнайы мектептегі тәрбие мәселесіне тоқталсақ. Революциядан кейін арнайы мектептер ашыла бастады. Қазіргі кезде Қазақстанда жүзге жуық арнайы мектептер бар. Бұл мектептерде орыс және қазақ тілдерінде білім беріледі. Республикамыздағы арнайы мектептер балаларға білім беруде және тәрбиелеуде көптеген жетістіктерге жетті. Арнайы мектептің педагогикалық ұжымы білім беруде және тәрбие дәрежесін көтеруге өз үлестерін қосты.

Арнайы мектеп, жалпы мектептің тәрбиелік міндеттері бірдей. Арнайы мектептің тәрбиелік проблемаларына оқушының жеке ерекшеліктері, кемістіктері күрделеніп, әлеуметтік, экономикалық, мәдениеттік жағынан жанұя, кемістіктің құрамы, жас ерекшеліктері, тәрбиешілердің арнайы білімдерінің жоқтығы жатады.

Сондықтан тәрбие процесі мұғалім мен тәрбиешінің жұмысына байланысты. Сондықтан біз, яғни келешек ұрпақтың мақсаты- мүмкіндігі шектеулі бала- болашақта қандай адам болатыны педагог пен тәрбиешінің жұмысына байланысты.

Ол үшін оқушыларға дәйекті білім беру мен мамандарды еңбек білімін, іскерліктерін және дағдыларын жариялау ғана емес, қалыпты адамға сай, адамгершіліктік сапаларын тәрбиелеу керек, яғни, еңбек сүйгіштік ұжымда жұмыс істей алу, кіші, үлкендерді сыйлау, жауапкершілік, адамгершілік. Есту кемістігі бар балаларды тәрбиелеудің мектептегі басты мақсаты- тәрбиелеу және білім беру болып табылады. Тәрбие беру табысты болу үшін анамальды балалардың есту және сөйлеу дамуын ескеру қажет. Осы балаларды тәрбиелеу балалардың даму ерекшеліктері дене дамуына, тәрбие әдістеріне байланысты. Есту кемістігі бар балалардың мінез-құлқы ерекше болады, балалар болған жағдайды ескермейді. Мұндай балалар сөздерін, ойларын толық жеткізе алмайды. Есту қабілеті зақымданған балаларға білім беруде және тәрбиелеуде, сонымен қатар түзету жұмыстарын жүргізуде, танымдық процестері дамиды. Есту қабілеті зақымданған қалыпты балалар бірдей заңдылықпен дамиды. Осыған байланысты есту қабілеттері зақымданған оқушыларға арналған арнайы мектеп жұмыстарының қағидалары мен тапсырмалары жалпы мектептердегідей. Бірақ арнайы мектепте оқитын естімейтін және нашар еститін оқушылардың даму психикасының кейбір жақтары өзіндік формада қалыптасады. Сол себептен есту қабілеті зақымданған оқушыларға арналған мектеп мұғалімдері оқу-тәрбие жұмысын балалардың жас және тұлғалық, есту зақымдықтарын ескере отырып құру қажет. Арнайы мектеп жалпы және арнайы тапсырмаларды шешу үшін есту мүшесі зақымданған балалардың тәрбиесін жалпы мектеп бағдарламасына сүйене отырып қолданады. Мектептің жалпы және басты мақсаты естімейтін және нашар еститін балаларды өз бетімен өмір сүруге және жұмыс істеуге бағытталған. Тұлғаны қалыптастыруда және арнайы мектеп баласының ақауын түзетуде келесідегідей жағымды жағдайларда қалыптастыру керек:

1. Күн тәртібін орындау.
2. Жекелеген қатынас
3. Әр түрлі үйірмелерге қатысуы.
4. Жүйелі қадағалау.

Ұжым тұлғаның мінезіне толығымен әсерін тигізеді. Л.С.Выготскийдің айтуы бойынша «Ең бастысы-адам ұжымда қалыптасады. Сол себептен бала ұжымын тәрбиелеу басты міндет болып табылады.» Есту қабілеті зақымданған оқушыларға арналған мектеп ұжымын ұйымдастыру үшін әрбір баланы жете танып, зерттеп, жекеше жұмыстар жүргізу керек. Тәрбие процесін жүргізу үстінде тұлғаның жағымды жақтарын айқындау қажет және де есту мүшелері зақымданған балалардың қалыпты қызметке сүйене отырып, түзету жұмыстарын жүргізу керек.

Мектеп ұжымының іс-әрекеті баланың арасындағы қарым-қатынасты ұлғайтады. Есту кемістігі бар балалардың қарым-қатынасын сабақта және сабақтан тыс уақыттарда да ұйымдастырады. Есту кемістігі бар оқушылардың басты факторы- іс-әрекет болып табылады.

Есту қабілеті зақымданған оқушыларға арналған мектептердегі тәрбиелеудің басты бағыты- еңбек болып табылады.

Еңбек жайында бастапқы түсініктерін қалыптастырады.

1.Еңбек ету үшін оқи білу, жаза білу, санай білу, көп нәрсені үйрену қажеттігі жөніндегі мысалдармен танысады.

2.Үй шаруасындағы жұмысқа шамасы келгенше қолғабыс тигізіп отырады.

Есту кемістігі бар балаларға арналған мектептерде мұғалімдер сабақта көптеген көрнекіліктерді пайдаланады, сол арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады.

Естуі зақымданған балаларды және де басқа да ауытқуы бар балаларды мемлекет өз қарамағына алғанымен, олар мұндай балалардың білім алу дәрежесін көтеру қажеттілігін көрсетті.

Қазіргі уақытта арнайы мектепте, жалпы мектептегідей сынып жетекшісі оқытады және тәрбиелейді. Сынып жетекшісі- өзінің сыныбына тәрбие жұмысын қалыптастыру болып табылады. Арнайы мектеп оқушылары қозғыш болып келеді. Мұғалімдерді тыңдамай, жан-жағына алаңдап, қасындағы жолдасына жұмыс жасауына мүмкіндік бермей, кедергі келтіреді. Осы себептен арнайы мектепте тәрбие тәрбие мазмұнының рөлі аса зор. Мұғалім оқушыға тек бір жақты қарамай, оның мінез-құлқына, кемістігіне, дәрежесіне, денсаулығына аса зор мән беру қажет. Кейбір есту қабілеті зақымданған балалар қарапайым

нәрсені орындаудан бас тартады. Мұндай кезде мұғалімнің талап қойғыштығы болу керек. Балаға бас салып ұрыспай, оған түсіндіру, дұрыс жолға бағыт беруі тиіс. Сондықтан да, есту кемістігі бар балаларға арнайы мектеп тәрбиешісінің алатын орны ерекше.

Естімейтін және нашар еститін балаларға арналған мектептен тәрбие жұмысында әдістерді таңдап алу оқушылардың жас және психологиялық, дене, дербес ерекшеліктеріне, өмір тәжірибесіне, кемістіктің күрделілігіне, құрамына тәуелді. Сондықтан естімейтін және нашар еститін балаларға арналған мектепте жүргізілетін тәрбие жұмысында әр баланың жеке даму ерекшелігін еске алған жөн. Естімейтін және нашар еститін балаларға арналған мектептердің тәрбие принциптері.

Тәрбие принциптері- тәрбиеші басшылыққа алуы тиіс тәрбие процесінің жалпы заңдылықтарын бейнелейтін бастапқы ережелер.

Тәрбие принциптері бірнеше түрге бөлінеді:

1. Тәрбиенің идеялылығы, мақсаттылығы. Тәрбиенің алдына қоғам болашағына берік сенімі бар азаматтарды қалыптастыру міндеті қойылады.

2. Тәрбиенің өмірмен, еңбекпен қоғам құрылысының практикасымен байланыс принципі. Бұл принциптің мәні- қоғамның экономикалық, әлеуметтік және рухани қатынастарын өмір шындығының моралі және әсемділікке көзқарасын тәрбие ісінде қолдау болып табылады. Осы принципті жүзеге асыру оқушыларды өмірге, еңбекке, мамандықты таңдауға, толық дайындауының шынайы алғышартын жасайды.

3. Ұжымда және ұжым арқылы тәрбиелеу.

4. Тәрбиеленушінің тұлғасына қойылатын талаптармен көрсетілетін құрметтің бірлігі.

5. Тәрбиелік ықпалдардың жүйелілігі, беріктігі, үздіксіздігі.

6. Тәрбиенің оқушының жас және дербес ерекшеліктеріне сәйкестігі.

Осы естімейтін және нашар еститін балаларға арналған тәрбиенің мазмұны ерекше. Бұл тәрбиенің басты мақсаты- әлеуметтік сарыны кемтар балалардың кемістіктерін жою, оларды әр тарапты дамыған қоғамның толық мүшесі етіп дайындау.